

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті

Педагогикалық технологиялар институты

«Педагогика және психология» кафедрасы

Садуахасова А.Б.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Оқу – әдістемелік нұсқау
(5В010300 – «Педагогика және психология» мамандығы студенттеріне
арналған)

Ақтау, 2011 ж

ОӘЖ: 159.99 (072)

ҚҰРАСТЫРҒАН: Садуахасова А.Б. «Психологиялық қызметті ұйымдастыруға арналған әдістемелік материалдар жинағы. Оқу әдістемелік нұсқау. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011, 58 б.

Бұл әдістемелік нұсқауда студенттерге мектептегі іс – тәжірибе барысында қолдануға болатын және оқу процесіндегі мамандыққа бағытталған пәндерді меңгеруге қатысты тақырыптар бойынша қысқаша дәріс мазмұны мен кеңестер, нұсқаулықтар және әдістемелік материалдар берілген.

Рецензент: п.ғ.к., доцент Жумағалиева Б.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға жіберілді.

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2011 ж.

Алғы сөз

Психологиялық қызмет қазіргі білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, ол баланың интеллектуальдық және жеке мүмкіндіктерін, нышан, қабілет, қызығушылық пен икемділігін мезгілімен анықтап, оларды оқыту мен тәрбиелеуде барынша кең пайдалануды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар психологиялық қызмет баланың психологиялық даму қорын уақтылы анықтап, оқыту мен тәрбиелеуде пайдалану жолдарын көрсетеді. Егер дамуы жағынан басқа балаларға қарағанда артта қалған балалар болса, практик психологтың міндеті дамудағы кідіріс пен оның себептерін уақытында анықтап, жою болып табылады. Егер дарынды балалар болса, олардың психологиялық дамуының жеделдетілуін: ертерек нышандарды анықтап, оларды жоғары дамыған қабілетке айналдыруы керек.

Білім жүйесіндегі психологиялық қызметтің тағы бір қиын міндеті - білім беру мен тәрбиелеудің сапасын көтеру мақсатында балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісін үнемі, балалық шақтың бүкіл кезеңінде бақылауға алып отырудан көрінеді. Бұл педагогикалық үрдістерді баланың психологиялық дамуының табиғи және әлеуметтік заңдарына, білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық теориясының негізгі қағидаларына қатаң сәйкестікте құрудың қажеттілігін көрсетеді. Психолог жұмысының практикалық мақсаты - түрлі балалар мекемелерінде қолданылатын оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістеріне ғылыми тұрғыдан баға беріп, әр жастағы балалардың дамуы жөніндегі ғылыми мәліметтерді ескере отырып, оларды жетілдіруге байланысты нұсқаулар беріп отыру. Қазіргі уақытта психологиялық қызмет әлеуметтік ортаның барлық салаларында кеңінен тарап келе жатыр. Білім беру жүйесінде, оның ішінде орта мектепте, осы қызметті ұйымдастырудың өзіне тән қиындықтары мен шешілмеген мәселелері әлі де болса кездесіп отыр.

Еңбектің қай түрі болмасын адамның психологиялық мүмкіндіктерін мейлінше толық, жан-жақты ескеріп, соған сәйкес ұйымдастырылса ғана жақсы нәтиже берері сөзсіз. Адамның жан дүниесімен сырласып, оның психологиясын зерттеп жүрген мамандар, психологиялық көмектің әрбір тұлға үшін аса қажет екенін айтады. Атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Адамды жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту үшін оны жан-жақты біліп алу керек» деген қағидасы қазіргі заманға лайықталып айтылғандай. Психологиялық білімді мектеп тәжірибесінде қолдану және психологиялық қызмет көрсету психологтың көмегімен іске асырылады.

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, олардың шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына, қабілеттері мен бейімділіктерінің дамуына көмектесу, олардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, мұғалімдер ұжымында психологиялық қызметті ұйымдастыру.

Міндеттері:

- оқушылардың мектепке бейімделуін түзету мақсатында және үлгермеушілікті болдырмаудың алдын-алу мақсатында арнаулы бағдарламалар жасау;
- балалардың мектептегі оқуға даярлығын анықтау;
- оқушылардың дамуындағы «дағдарыс», «өтпелі», «қиын» кезеңдерге үлкен жауапкершілікпен қарап, бұл кезеңдерді арнайы бақылауға алу;
- үлгерімі, тәртібі төмен оқушылармен диагностикалық коррекциялық жұмыстар жүргізу;
- кәсіптік бағдар беру, бейіналды дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге, ата-аналарға оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық мәселелері, өзара қарым-қатынас үлгілері, оқушылардың психикалық процестерінің даму заңдылықтары туралы психологиялық кеңестер беру;
- ҰБТ – ға оқушыларды дайындауда психологиялық көмек көрсету.

Мектептегі қызметтің әдіснамасы негізінен жеке тұлғаны дамыту теориясына негізделеді. Оның өзі іс әрекет теориясынан, таным теориясынан дамыту теориясына жол ашады. Мұның өзі негізгі құндылық қарым қатынасты құрайды. Бұл қарым-қатынас мектеп әкімшілігі, мұғалім, ата-ана, оқушы арқылы жүзеге асады.

Тақырыбы: Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің теориялық негіздері.

Жоспар:

1. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің теориялық тұжырымдамалары.
2. Бала дамуындағы «дағдарыстық жас» кезеңдерінің алатын орны.
3. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің негізгі аспектілері (ғылыми, қолданбалық, ұйымдастырушылық және тәжірибелік).

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің ғылыми негіздемесі ретінде отандық психологиядағы адам психикасының дамуы мен әлеуметтік табиғаты ретіндегі теориялық ерекшеліктері алынады. Онда адамның психикасы дамудың өнімі және психикалық даму адамзаттың жинаған әлеуметтік тәжірибесінің нәтижесі ретінде қарастырылады (филогенетикалық және онтогенетикалық қатынастарда). Мұнда Л.И.Божович, Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, А.Н.Леонтьев, А.В.Петровский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин және басқа да авторлардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Осы теориялық көзқарастарға сай, жеке адам сана мен жүріс-тұрыстың қоғамдық формаларын меңгеру барысында қалыптасады. Жеке адамның қалыптасуы дүниеге келген уақыттың алғашқы минутынан бастап және баланың психикалық дамуымен қатар жүреді. С.Л.Рубинштейн психиканың дамуы сандық өзгерістердің сапалыққа ауысуы арқылы жүретін өзгеру процесі деп көрсеткен. Баланың психикалық дамуының негізгі шарты ретінде өзінің іс-әрекетін алуға болады. А.Н.Леонтьев «баланың психикалық дамуы адамдардың дамуының өткен тәжірибесін меңгеруі» деп көрсеткен. Баланың белсенді мотивациялық іс-әрекетінде оның жеке адам болып қалыптасуы жүреді. Бұл қалыптасу баланың жас ерекшелігіне сай онтогенездің негізгі іс-әрекетінің негізінде жүреді (қарым-қатынас, еңбек, ойын, оқу). Негізгі іс-әрекетті бөліп көрсету оның өсіп келе жатқан баланың психикалық дамуына әсерін түсінуі үшін қажет.

Баланың кез-келген іс-әрекетті меңгеруі үлкендермен қарым-қатынасының және олардың тікелей басқаруының негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан да үлкендермен қарым-қатынас жасау, баланың психикалық және жеке адамдық дамуына қажетті шарт болып табылады. Үлкендермен қарым-қатынас әрбір жас кезеңінде жеке адамның қалыптасу процесінде өте маңызды болып табылады. Дамудың алғашқы кезеңінде үлкендермен қарым-қатынастың формасы, мазмұны және қызметі баланың заттық әлемді меңгеруіне бағытталады. Қарым-қатынас барысында басқалармен қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік, эмоционалдық қатынас, психикалық процесстер, заттық-манипулятивтік іс-әрекет дамып, тек баланың 6-7 жасында ғана өзіне ғана тән қарым-қатынасы көріне бастайды. Ерте мектептік шақта үлкендермен қарым-қатынас баланың жеке тұлғасының дамуының негізгі факторы бола отырып, осы кезеңнің соңында

құрбыларымен қарым-қатынас маңызды роль ала бастайды. Жасөспірімдік шақта қарым-қатынас құрбы-құрдастарымен жүзеге асырыла отырып, негізгі қызметі қоршаған ортадағылармен өз қатынасын орнатуға бағытталады. Осы кезеңде бала саналы түрде орта тәртіптерін қабылдай отырып, өзінің жекелеген ерекшеліктеріне бағдар жасай бастайды. Жастық шақ кезеңінде үлкендермен қарым-қатынас болашаққа мақсат құрумен байланысты бола отырып, маңызды бола түседі. Осыған орай, қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік – адамның әлеуметтік қажеттіліктерінің негізгілерінің бірі болып, өте ерте пайда болып, біртіндеп дами бастайды. Тәжірибеде көрсетілгендей, баланың бұл қажеттілігі қанағаттандырылмаса, әрі қарайғы дамуыда жүрмейді. Көптеген балалармен мектеп оқушыларында үлкендермен формальды емес қарым-қатынастың қанағаттандырылмауы жоғары үрейлену деңгейіне, өз-өзіне сенімсіздікке, тұрақсыз, әрі өзін-өзі адекватты емес түрде бағалауға, жеке дамуындағы қиындықтарға және беімделу процесінің қиын жүруіне әкеліп соғады. Тәжірибелік психологияда баланың психикалық дамуында, әрбір жас кезеңінде негізгі рольді оқыту алады деген принципті дұрыс қолдана білу керек. Басқаша айтқанда, Л.С.Выготскийдің көрсетуінше, оқыту «өзекті даму зонасына» емес, «жақын аймақты даму зонасына» бағытталуы керек. «Жақын даму аймағы» баланың өз бетімен жүзеге асыра алмайтын, бірақ үлкендердің көмегімен жүретін міндеттердің мазмұнымен анықталады. Бұл баланың дамуында тек көмекті қажет етудегі келесі этап болып саналады. Баланы оқыта отырып, үлкендер балаға дербес түрде жете алмайтын ерекшеліктерімен сипатталады. Л.С.Выготскийдің көрсетуінше, егер де бала ересектің көмегімен міндетті шеше алмаса, онда ол «жақын даму аймағына» жетпегендігін көрсетеді және ешбір даму эффектісі болмайды деп көрсеткен. «Жақын даму аймағы» сыртқы бақылауға көрінбейтін, психикалық процестердің есейгендігін көрсете отырып, болжау мен оқытуда маңызды роль атқарады. Оқыту мен дамудың өзара байланысы туралы сұрақ тек психологиялық теорияға ғана емес, сонымен қатар педагогикалық практика үшін де маңызды болып табылады. С.Л.Рубинштейннің көрсетуінше, әрбір оқыту концепциясы қандай да бір деңгейде даму концепциясын өзіне енгізеді дейді. Жекелік даму жоғары жүйке іс-әрекетінің құрылымдық дамуымен, сонымен қатар оқытумен де анықталады. Даму мен оқытудың, даму мен тәрбиенің бірлігі осы үрдістердің өзара байланысын білдіреді. Даму оқыту мен тәрбиелеуді шарттандырмайды, керісінше, баланың психикалық қасиеттері тәрбиелеу мен оқыту үрдісі барысындағы дамудың нәтижесі болып табылады. Ересек адамдар ұйымдастыратын және бала өмір сүретін білім беру ортасы, біріншіден, бала менгеретін білімдер, дағдылар, іс-әрекеттен тұрса, екіншіден, баланың осы білімдерге, дағдыларға, ережелерге, іс-әрекеттерге деген қатынасынан, үшіншіден, баланың өз-өзіне, өзін қоршаған құрбыларымен үлкендерге деген қатынасынан және осы ортада алатын орнын түсінуінен тұрады. Білім беру мен психикалық дамудың тиімділігі қаншалықты оқыту мен тәрбиелеудің құралдары, мазмұны, әдістері жастық және жекелік дамудың психикалық заңдылықтарын ескеруіне байланысты болады. Сонымен қатар үлкендердің

әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істеуде, баланың бойында қоршаған орта өміріне деген қызығушылығын, оқуға деген құштарлығын, білімді дербес түрде меңгеруіне және іс-әрекет үрдісіне белсенді қатысу қажеттілігінің көріну деңгейі, оқытудың тиімділігін көрсетеді.

Әрбір жас кезеңінде бала өзіне деген қандайда бір қатынасты талап етеді. Білім беру орындағы, оның ішінде, білім берудің тәжірибелік психологиясы мектепке дейінгі шақты (3-6/7 жас), мектептік шақты (6-9 жас), жасөспірімдік кезеңді (10-14 жас) және ерте жастық шақ уақытын қамтиды (15-17 жас). Л.С.Выготский жасты жалпы даму циклінде сандық әрі сапалық өзгерістермен сипатталатын ерекшелік деп көрсетеді. Жас ерекшеліктері жалпы дамуға бағытталады, жастың аса ерекше өзгерістері мен сипаттары арқылы көрінеді. Қандай да бір жас кезеңі жеке адамның арнайы психикалық процестері мен қасиеттеріне, психологиялық сапаларына сезгіш деңгейде болады. Әрбір жас кезеңінің дамуының бастапқы шағында тек осы жасқа ғана тән бала мен орта арасында қайталанбас қатынас туындайды. Мұны Л.С.Выготский осы жастың әлеуметтік даму жағдайы деп атаған. Дамудың әлеуметтік жағдайы осы жас кезеңіне сәйкес келетін психикалық даму динамикасы мен сапалы психикалық құрылымдар арқылы сипатталады. Осыған орай, әрбір жас кезеңіне жекелеген ерекшеліктерімен жаңа құрылымдардың жиынтығы ғана емес, сонымен қатар жеке адам құрылымының бірегейлігі және осы жас кезеңіне тән даму тенденциялары жатады. Басқаша айтқанда, баланың жас ерекшеліктік психологиялық сипаттамасы оған тән жекелеген сипаттармен емес, әрбір жас кезеңіндегі жеке адамдық құрылымының әртүрлілігімен көрінеді. Л.С.Выготскийдің жеке адамның дамуындағы сезгіштік кезеңдер идеясына сүйене отырып, көптеген психологтар әрбір жас кезеңінің психикалық даму сипаттамаларын бөліп көрсету қажеттілігін көрсетеді. Н.С.Лейтестің көрсетуінше, балалық уақытында көрінетін дамудың жоғары мүмкіндіктері тек өтпелі, белгілі бір уақытқа ғана байланысты болады. Сондықтан да дамудың жоғарғы қарқынында, әрбір жас кезеңінің жастық жетістігі айқын түрде көрініп, жеке адамның дамуына маңызды үлесін қоса білуі маңызды болып саналады. Баланың әрбір жас кезеңін толық түрде өткеруі, келесі кезеңнің жаңа құрылымдарының көрінуіне мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі білім беру орындарында балалардың ерекшеліктері мен әрбір жасқа тән қызығушылықтары, жекелеп айтқанда ойын, оқу іс-әрекетінде, тәрбиелік шараларды ұйымдастыруда, балалармен қарым-қатынасында толығымен ескеріле бермейді. Әсіресе көптеген мәселелер өтпелі кезеңдерде туындайды.

Бала дамуының дағдарыстық кезеңдер теориясына сәйкес (Л.С.Выготский) әрбір өтпелі немесе дағдарыстық кезең, біріншіден, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі баланың объективтік орны, екіншіден, ішкі позициясының өзгеруі арқылы көрінетін дамудың әлеуметтік жағдайының өзгеруінің нәтижесі. Әрбір ауыспалы кезең ұқсас мазмұндық ерекшеліктерімен жалпы заңдылықтар арқылы көрінеді. Бір кезеңнен екінші кезеңге ауысуда мазмұны тұрақты кезеңдердегі даму ерекшелігінен тұратын, даму дағдарыстарынан тұрады. Ауыспалы кезең-жас ерекшеліктік дамудың

негізгі сатылары болып саналады. Бұл уақытта балада осы жас кезеңіне тән негізгі жаңа психологиялық жаңа құрылымдар қалыптасқан болуы керек. Бұл кезеңдердің негізгі мазмұндық ерекшеліктері П.П.Блонский мен Л.С.Выготский еңбектерінде жазылған. П.П.Блонский көрінетін ауысулардың нақтылығы, айқындылығына көңіл бөледі. Л.С.Выготский «ең алдымен ауыспалы кезең бұл баланың өткен тәжірибесінен жинаған ерекшеліктерін жоғалтуымен көрінетін кезең» дейді. Дамуға сәйкес келетін ауыспалы кезеңдер жеке адамның мүмкін болатын жаңа сипаттарымен толықтырылып көрінеді. Дамудағы ауыспалы кезеңдердің жағымсыз мазмұны кез келген ауыспалы жастың басты және негізгі мәнін құрайтын, жеке адамның жағымды өзгерістерінің келесі жағы болып саналады.

«Дағдарыстық жас» - көп кездесетін нақты емес түсінік. Оны басқаша өте күрделі, дағдарыс қалпы деуге болады. Біз әртүрлі зерттеулердің жұмысында дағдарыстық жасты сипаттауларында, талдауда қарама-қарсылықты, сәйкессіздікті көреміз. Бір жағынан, авторлар жеке адамдық жаңа құндылықтардың талдауына көп көңіл бөле отырып, осы даму кезеңдерінің арнайы психологиялық ерекшеліктерін көрсетсе, екіншіден, балалардың осындай ерекшеліктерге сай қиын тәрбиеленетіндігін ескертеді. Қазіргі кезде бұл ұғымды жасөспірімдік уақыт туралы (10-11-ден 14-15 жасқа дейін), сонымен қатар жастық шақ дағдарысы (16-17 жас) туралы айтуда қолданады. Дағдарыс психологиялық дамудың ерекше құбылысы ретінде өте ертеден қарастырылып, біраз уақыт өткен соң бұл ұғымды эмпирикалық түрде қарастыру тоқтатылғанмен, қазіргі кезде бұл мәселеге деген қызығушылық күшеюде. Көптеген уақытқа дейін бұл мәселе терминологиялық қарама-қайшылықты тудыру мүмкіндігіне байланысты, көптеген әдебиеттерде қарастырылмады. Қарастырылатын мәселенің адекваттылығына байланысты, «дағдарыс» ұғымының орнына «ауыспалы кезең» ұғымын қолданған дұрыс болады. Себебі фактілі түрде алатын болсақ, бала өзінің дамуының бір кезеңінен екінші кезеңіне ауысады. Ауыспалы кезеңде, екі жастың кездесуінің негізінде, бір жастың даму кезеңінің тоқтауын және екінші жастың дамуының басталуын көрсететін дағдарыстар туындайды. Бұл мәселенің педагогикалық тәжірибеде қарастырылуының практикалық құндылығы, осы жастағы балалармен жұмыс істеудің қиындығына байланысты болып отыр. «Бала өзінің дамуында белгілі бір кезеңдерде қиын тәрбиеленетін жүріс-тұрысымен көрінеді» деп жазады Л.С.Выготский. Ауыспалы кезеңнің мазмұндық сипатының мәні мен білімін түсіну, әртүрлі жас кезеңдерінде оқу-тәрбиелік процесті ұйымдастыруда балалардың жас ерекшеліктік психологиялық ерекшеліктерін дұрыс ескере білуге мүмкіндік береді. Жастық дамудың тағы да бір маңызды бөлігіне көңіл бөлейік. Жасөспірімдік және жастық шақ уақытындағы психикалық және жеке адамдық дамудағы қиындықтар мен ерекшеліктер жыныстық жетілумен байланысты болады. Қыздар мен ұл балаларда бұл кезеңде жай ғана есею сезімі пайда болып қана қоймай, белгілі бір жынысқа жатқызу дифференциациясы, яғни «ішкі ер позициясы» немесе «ішкі әйел позициясы» арқылы жүреді. Физикалық тез өсу және жыныстық жетілу жасөспірімдердің

ішкі және сыртқы әлемінде айқын өзгерістер және өз-өздерімен қарама-қарсы жыныс өкіліне деген қызығушылықтар тудыртады. Жасөсірімдерде жаңа түйсінулер, сезімдер, уайымдар туындайды, сонымен қатар осы көзқарас тұрғысынан өздерін түсінуге деген қажеттілік қалыптасады, «ересек ер», «ересек әйел» секілді идеалдар пайда болады, бұл болса өз кезегінде ата-аналарға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге аса бақылана қоймайтын, жасөсірімнің өзіндік сана-сезімінің бір көрінісін құрайды. Мектептегі оқу-тәрбиелік жұмыстың бағдарламалары мен әдістері жасөсірімнің өзін жеке жыныс өкілі туралы ойын, қыз балалар мен ұл балалардың қажеттіліктерін, мотивтерін, құндылық бағдарларын, басқа жыныс өкілдеріне деген қатынастарын ескермейді. Баланың жынысына сәйкес жеке тұлғасының дамуының міндеті біріншіден, психикалық жынысын, екіншіден қарама-қарсы жыныс өкілдерімен қатынас жүйесін қалыптастыру болып табылады. Жастық ерекшеліктер жекелік ерекшеліктермен бірлікте болатындықтан, жас өз бетінше жеке адамның стандарттық психикалық дамуын анықтамайды.

Психологияда жеке адамның жекелік ерекшеліктері ретінде индивидті басқалардан ерекшелендіретіндерді айтуға болады. Олардың қалыптасуына адамның табиғи қасиеттері, әлеуметтік орта, дамудың жалпы деңгейі, жеке адамның бағыттылығы, әртүрлі қасиеттері мен сапаларының өзара қатынас сипаты үлкен әсерін тигізеді. Жекелік ерекшеліктер тек осы адамға ғана тән, оның психикасы мен тұлғасын құрайтын, қайталанбас адам ретінде сипаттайтын ерекшеліктер. Психологтар (Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Н.С.Лейтес, Б.Д.Эльконин және т.б.) көрсеткендей, жеке адамның жастық ерекшеліктері дамудың жекелік нұсқасы формасының негізінде көрінеді. С.Л.Рубинштейн ғалымдардың даралық ерекшеліктерді жас ерекшеліктерінен бөліп қарауға болмайтындығына көңілдерін аудартуға тырысқан. Себебі бөліп алып қарауда жекелеген адамдардың ерекшеліктері мен қабілеттіліктері мистификацияланып, оны зерттеуге, қарастыруға деген жол жабылып қалады. Автордың көрсетуінше «жас өздігінен психикалық дамудың қандай да бір стандартын анықтамайды, жас ерекшеліктер даралықпен бірлікте және тек соның ішінде ғана болады», - дейді. Білім берудің практикалық психологиясы жоғарыда отандық авторлардың көрсеткен теориялық тұжырымдамасына сүйенеді. Бұл тұжырымдама жағымды шарттар болған жағдайда барлық балаларда дамуға деген қабілеттілік болатындығын білдіреді. Сондықтан да тәрбиешіде, мұғалімде өз оқушыларының үлгермеушілігіне, олардың нашар деңгейде дамыған ақыл-ой мүмкіндіктерін кіналай алмайды. Себебі, баланың мүмкіндіктері оқытудың ұйымдастырылуы мен оның мазмұнына байланысты. Білім беру баланың әртүрлі аймақтарда және іс-әрекет түрлерінде баланың қабілеттіліктерін дамытуға бағытталғанда ғана мазмұнды болады. Дегенмен де, тұлғалық және кәсіби есейгендікке кез-келген психикалық дені сау бала жете алады. Мұндай биіктіктерге жету кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Неліктен? Бұл сұрақтың себебі өте көп болды. Мүмкін ең маңыздысы психикалық даму тұрғысынан әрбір адам өзінің балалығы мен жастық шағын толық түрде өткізгендігі маңызды. Сондықтан да, баланың өмірінің алғашқы күндерінен

бастап, оның әрбір жас кезеңінде мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатындай, өмірін дұрыс ұйымдастыру керек. Бұл баланың қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығы, өзінің белсенділігі және нақты жас кезеңіне тән іс-әрекет түріне ересек адаммен бірге қатысуы арқылы көрінеді. Сонымен қатар, баланың жағымды түрде даралық дамуы жүзеге асуында, әрбір жаста көрінетін жаңа құрылымдар маңызды болып табылады.

Жалпы алғанда білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет – мемлекеттің бірегей білім беру жүйесінің негізгі құрылымдарының бірі. Неліктен қазіргі кезде психологиялық қызмет қарқынды түрде дами бастады деген сұрақ туындайды. Оның себептері неде? Мүмкін, тәжірибе қажет болар? Шынында да, педагогикалық тәжірибеде баланың психологиялық біліміне деген қажеттілік туындап отыр. Психологиялық қызмет өзінде баланың дамуы туралы білім мен өмірде және білім беру орындарында осы дамуды жүзеге асыратын тәжірибе мүмкіндіктерін қамтиды. Әсіресе, білім беру тәжірибесінің балалар туралы ғылыми білімге деген қажеттілік пен осы қажеттіліктердің әрбір баланың психикалық және жеке адамдық дамуын қанағаттандыруы осы саланың туындауына әкелді. Ғылым мен тәжірибенің кездесуінде, психологиялық құбылыстар мен педагогикалық шарттар өзара байланыста болады. Толығырақ айтқанда, білім берудің психологиялық қызметі – бұл ғылыми, қолданбалық, тәжірибелік және ұйымдастырушылық аспектілердің бірлігінен тұратын, біріккен құбылысты айтамыз. Әрбір аспектінің өзінің шешуі кәсіби біліктілікті талап ететін міндеттерден тұрады.

Ғылыми аспект білім берудің тәжірибелік психологиясы туралы теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді білдіреді. Білім берудің тәжірибелік психологиясы психикалық дамудың жас ерекшелік заңдылықтарының жекелік түрде көрінуін, оқушы жасындағы балалардың психологиялық денсаулығының негізі болатын жеке адамдық және даралық даму шарттарын қарастырады. Бұл жерде міндет ретінде, психодиагностикалық және дамытушылық бағдарламалардың операциялдық түрде құрылуы мен ғылыми түрде негізделуі, сонымен қатар психологиялық білімдерді қазіргі білім беру жүйесінің нақтылы жағдайларында, құралдарды, тәсілдерді, әдістерді кәсіби түрде қолдануды айтуға болады. Бұл зерттеу жұмыстарының академиялықтан айырмашылығы, онда тек қандай да бір психологиялық механизмдер мен заңдылықтарды анықтап қана қоймай, нақты бір баланың жеке адам болып қалыптасу жүйесіндегі механизмдермен заңдылықтардың дамуының психологиялық шарттарын көрсетеді.

Қолданбалы аспект білім беру қызметтерінің психологиялық білімдерді қолдануын білдіреді. Мұндағы негізгі әрекет етуші субъектілерге тәрбиешілер, мұғалімдер, әдіскерлер және т.б. оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын ұйымдастырумен жүзеге асыруға қатысатын барлық қызметкерлер жатады.

Ұйымдастырушылық аспект мазмұндық және ұйымдастырушылық сұрақтарды жүзеге асыратын құрылымдық бөліктерден тұратын және тәжірибелік психологтардың кәсіби біліктілік арттыруға жауап беретін,

құрылымдық бөлігін айтамыз. Бұл бөліктер иерархиялық байланыста бола отырып мынадай топтардан тұруы мүмкін: тәжірибелік психологтар, психологиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік бөлімі (орталықтар, кабинеттер), республикалық немесе білім беру министрлігіндегі психологиялық қызмет бөлімдері. Тек түбегейлі түрде ұйымдастырылған бөлім қызметкерлері ғана білім беру жүйесіне білікті психологиялық қызмет көрсете алады, балаларға, ата-аналарға, мұғалімдер мен білім беру орындарына нақтылы түрде көмек көрсете біледі.

Тәжірибелік аспектіні білім беру орындарының, оның ішінде бала-бақша, мектеп және басқа да білім беру жүйесінің қызметкерлері жүзеге асырады. Олардың міндеті – қандай да бір нақтылы мәселелерді шешу үшін балалар тобымен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыстар жүргізу. Олардың міндеті жаңа әдістер құру емес, керісінше, ғылыми түрде бекітілген әдістер мен тәсілдерді кәсіби түрде дұрыс қолданып өңдей білу. Барлық аспектінің жүйелі дамуы психологиялық қызмет үшін өте маңызды.

Тақырыбы: Мектептегі психологиялық қызметтің іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы сұрақтары.

Жоспар:

1. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің жалпы ережелері.
2. Психологиялық қызметтегі қызметкердің құқықтары мен міндеттері.
3. Психологтың этикалық кодексі.
4. Психологиялық қызметтің міндетті құжаттарының тізімі.

Жалпы ережелер:

1. Психологиялық қызмет білім беру жүйесінің міндетті компоненті болып табылады.
2. Психологиялық қызмет оқушылар мен педагогикалық ұжымның тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби мүмкіндігін дамытуға бағытталады.
3. Мектептегі психологиялық қызметтің іс-әрекетінің нәтижелілігі, білім беру және тәрбиелеу жүйесінде психолог пен педагогикалық ұжымның кәсіби біріккен іс-әрекетіне байланысты.
4. Психологиялық қызмет өзінің іс-әрекетін әкімшілікпен, педагогикалық ұжыммен, оқушылардың ата-аналарымен, медициналық қызметпен және жасөспірімдер жөніндегі инспекциямен тығыз байланыса отырып жүзеге асырады.
5. Психологиялық қызметтің іс-әрекеті мамандар арқылы жүзеге асырылады.
6. Мектеп психологы – психологияның академиялық бакалавр немесе магистр деңгейіндегі, жоғары психологиялық білімі бар маман.
7. Мектеп психологының алатын ақысы, еңбек демалысының жалғастығы және педагогикалық жүктемесі Қазақстан Республикасының БЖҒМ-нің нормативтік құжаттарына сәйкес бекітіледі.

8. Психологтың лауазымы категорияның негізінде бекітіледі (9 дан 16 разрядқа дейін). Білім беру орындарында 500 астам оқушылары бар орындарында психологтардың саны біреуден артық болуы керек.
9. Мектеп психологының күнделікті жұмыс тәртібі мектептің жалпы тәртібі мен ерекшелігіне сәйкес мектеп директорымен бекітіледі. Психологтың жұмыс уақыты нормаға сәйкес ұйымдастырылады.
10. Білім беру орынында психологтың жұмысына сәтті іс-әрекеті үшін қажетті құрал-жабдықтармен негізделген кабинет беріледі.
11. Мектеп психологы әрбір оқу жылының басында өз іс-әрекетінің жоспарын құрастырады. Жұмыс жоспары мектептің педагогикалық кеңесінде тыңдалынып, мектеп директорымен бекітіледі.
12. Мектеп психологы әрбір оқу жылының соңында психологиялық қызметтің іс-әрекеті туралы есеп береді. Есеп беру мектептің жалпы есеп беруіне енгізіліп, білім беру жүйесін басқаратын арнайы орындарға жіберіледі.
13. Психологтың іс-әрекетін өзінен жоғары тұратын психологиялық қызмет және мектеп директоры бақылауына алады.
14. Мектеп психологы әкімшіліктің берген тапсырмаларын этикалық кодекске, негізгі мақсаттар мен міндеттерге қарама-қайшы келген жағдайда орындамауына құқылы.
15. Мектеп психологы өз іс-әрекетінде дамытушы, психопрофилактикалық, психофасилитациялық, психодиагностикалық және психокоррекциялық бағыттарды жүзеге асырады.

Психологиялық қызметтің басты мақсаты – даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.
2. Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
3. Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету.
4. Білім беру жүйесінің барлық субъектілеріне қажетті психологиялық көмек беру (мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар).

Мектеп психологының құқықтары мен міндеттері

Психологтың құқықтары:

- Оқу-тәрбиелеу процесіндегі барлық субъектілермен жұмыстың формасы мен әдісін және белгілі бір кезеңде маңызды деген бағыттарды таңдай алады.
- Әкімшілікке психологиялық қызметтің іс-әрекетінің нәтижелі, әрі өнімді іс-әрекетіне мүмкіндік беретін ұсыныстарды айта алады.
- Оқыту – тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға байланысты мектеп құжаттарын қарастыра алады.
- Оқыту-тәрбиелеу процесіне байланысты кеңестерге, жиналыстарға белсенді қатыса алады.
- Мектепте психологиялық зерттеуді және әдістерді жүргізеді, түзетеді.
- Психолог өзінің біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әртүрлі конференцияларға, семинарларға қатыса алады; психологиялық орталықтармен ассоциациялармен, практик-психологтармен, сонымен қатар оқу орындарындағы психология кафедраларымен іскер байланыс жасай алады.
- Арнайы дайындығы жоқ адамдарға, психодиагностикалық және психокоррекциялық жұмыстарды жүргізуіне тыйым сала алады.
- Әкімшіліктің тапсырысы этикалық принциптерге, жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келмеген жағдайда, орындаудан бас тарта алады.

Психологтың міндеттері:

- Жұмыс барысында ҚР БЖҒМ бекіткен нормативтік актілерге, құжаттарға, бұйрықтарға негізделуі керек.
- Психология ғылымының кейінгі жетістіктерімен таныс болып, өз іс-әрекетінде тек ғылыми негізделген әдістерді қолдануы керек.
- Психологтың этикалық кодексін білуі керек және жұмыс барысында негізге алуы керек.
- Мектептегі құжаттарға психологиялық талдау жасауы керек (тәрбиелеу жоспарлары, оқыту бағдарламалары, педагогикалық кеңестің шешімдері және т.б.).
- Әртүрлі деңгейдегі мектеп ұжымындағы тұлғааралық қатынастарға өз бақылауында ұстап, талдап, қажетті кезде түзету керек (мұғалім-әкімшілік, мұғалім-мұғалім, мұғалім-оқушы, оқушы-оқушы).
- Психологиялық құжаттарды ерікті формада жүйелі түрде жүргізіп сақтауы керек (дискеталар, магнитофондық жазбалар және т.б.).
- Диагностикалық жұмыстың негізінде алынған мәліметтерді ешкімге жарияламауы керек.

Мектеп психологының жауапкершілігі:

- Психолог психологиялық диагноздың дұрыс қойылуына, қолданылатын диагностикалық және коррекциялық әдістердің нақтылығына және берілетін ұсыныстардың ғылыми негізділігіне жауапты.

- Психолог жүргізілген психологиялық зерттеу және тексеру жұмыстарының хаттамаларының сақталуына және құжаттарды жүргізуге жауапты.

Психологтың этикалық кодексі

Психолог – практиктің іс-әрекет барысында ұстанатын дәстүрлі принциптері қалыптасқан.

- Қауіп келтірме! Өз білімдеріңді дұрыс қолдана біл.
- Бағалама! Жағымсыз бағалауларыңды дауыстап айтпа.
- Адамды сол қалпында қабылдай біл. Психолог алдына келген клиентті түсіне білуге міндетті.
- Кәсіби құпияны сақтау. Оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар жайлы ақпараттарды жариялауға қатаң түрде тыйым салынады.
- Оқушылар мен қызметкерлер бар жерде, жұмыстағы әріптестеріңмен араларыңдағы түсініксіз мәселелерді шешпе.
- Компетентті бол! Техникалар мен әдістерді жетік білмесең, қолданба.
- Клиентпен қарым-қатынаста дистанцияны ұстана біл.
- Клиенттің өз іс-әрекеті мен өміріне деген жауапкершілік құқығынан айырма.
- Клиентті қате ақпараттандырма! Себебі клиент дұрыс емес шешім қабылдауы мүмкін.
- Клиенттің әртүрлі психологиялық шараларға қатысуындағы еріктілік принципін ұстан!
- Өзіңді тұлға және маман ретінде сыйлай біл!

Психолог іс-әрекетіне қажетті құжаттардың тізімі

Психологтың құжаттары категорияларға бөлінуі мүмкін:

- Тіркеуге арналған құжаттар;
 - Ақпараттық-анықтамалық құжаттар;
 - Жұмыс барысында қолданылатын құжаттар.
-
- ❖ Материалдық құндылықтарды тіркеу журналы, атқарылған жұмыс түрлерін тіркеу журналы, психологиялық қызметте бар әдебиеттер тізімі көрсетілген картотека немесе журнал, қаржы құжаттары, және т.б.
 - ❖ Білім беру орнының жалпы ережесі немесе жарғысы, жылдық жұмыс жоспары, сабақ кестесі, оқытудың психологиялық бағдарламалары, психологтың жұмыс тәртібі, кеңес алуға алдын ала жазылу журналы, өзін-өзі дайындау журналы.
 - ❖ Жеке даму карталары, жеке кеңес берулерді тіркеу журналы, әдістердің жиынтығы, кіріс және шығыс хаттар, психологиялық – педагогикалық консилиум материалдары.

Психологтың негізгі құжаттары

Психолог өз іс-әрекетінде білім беру орнының арнайы ерекшелігі мен жалпы жоспарға сүйене отырып, психологиялық қызметтің жұмыс бағдарламасын құрастырады. Ол бағдарлама немесе жылдық жоспар педагогикалық кеңесте қарастырылады. Жоспарда мақсат, міндеттер, жұмысты орындау уақыты, іс-әрекет түрлері, қажетті құрал жабдықтар, жүргізілу орны, контингент, сағат бойынша көлемі және т.б. көрсетіледі.

Жұмыстың жылдық жоспарымен қатар психологиялық қызметтің тұжырымдамасы болуы керек. Онда жалпы ережелердің теориялық негізі, білім берудегі психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері және негізгі жұмыс бағыттары (білім беру орнының спецификасына байланысты) көрнекі түрде көрсетілуі керек. Концепцияға жылдық жұмыс жоспары да енгізіледі. Концепция да педагогикалық кеңесте тыңдалынады, бірақ қандай да бір өзгерістерді тек психолог қана енгізе алады.

Оқушы тұлғасының психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерінен тұратын жеке карта мынадай мәліметтерден тұрады:

- ✓ Аты –жөні, тегі.
- ✓ Туған күні, айы, жылы.
- ✓ Мекен жайы, телефон.
- ✓ Отбасы туралы ақпараттар (ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны, білімі).
- ✓ Баланың ата-анасымен араларындағы қатынастары мен қанағаттанушылығы.
- ✓ Отбасының материалдық жағдайы.
- ✓ Физикалық денсаулығы: ауырған аурулары, жарақаттары.
- ✓ Оқушының өткен оқу жылындағы оқу үлгерімі.
- ✓ Қызығушылықтары мен қабілеттері.
- ✓ Социометриялық статусы.

Жұмыс жоспары жылдық, кварталдық, айлық немесе апталық болуы мүмкін. Төменде мысал ретінде жылдық жоспардың бір бөлімі көрсетілген:

Іс-әрекет түрі, орындау мерзімі	қыркүйек	қазан	қараша
Психопрофилактика	Оқуында қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдерді анықтауға байланысты медициналық, психолого-педагогикалық комиссияға қатысу.	1-5 сыныптардың сабақтарына қатысу	Педагогикалық кеңеске қатысу
Психодиагностика			1-5 сыныптарда бейімделуді анықтауға байланысты зерттеу жүргізу
Психокоррекция	Комиссияның жұмыс нәтижесіне байланысты коррекциялық топтарды құру.	Коррекциялық топтарда жұмыс жүргізу	Зерттеу нәтижелеріне байланысты

			топтарға балаларды қабылдау
Кеңес беру		Бір ай барысында	Зерттеу нәтижелеріне байланысты ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру
Әдістемелік жұмыс	Психологиялық бағдарламаны немесе психологиялық қызметтің концепциясын құру, жылдық жұмысты жоспарлау	Сабақтарға талдау жасау және мұғалімдермен әңгімелесу.	Бейімделуді зерттеуге арналған жұмысты талдау

Тақырыбы: Мектеп психологының іс-әрекетінің негізгі бағыттары

Жоспар:

1. Мектептегі қолданбалы психодиагностика.
2. Оқушылармен жүргізілетін психологиялық түзету және дамыту жұмысы.
3. Оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға кеңес беру және ағарту.

Бірінші бағыт – мектептегі қолданбалы психодиагностика. Диагностикалық жұмыс – мектептегі психологиялық тәжірибенің дәстүрлі негізі болып табылады. Қазіргі күннің өзінде маманның жұмыс уақытының үлкен бөлігін алады. Мектептегі диагностикалық іс-әрекет дәстүрлі диагностикалау жұмысынан ерекшеленеді. Ол аз уақытты қамтып, таңдау мен өңдеуге және де нәтижелері педагогикалық тілге ауыстырылатындай болу керек. Ең басты айырмашылығы оның мақсаты мен міндеттерінде жатыр. Мектептегі психодиагностикалық жұмыстың мақсатына психологиялық қамтамасыз ету үрдісін ақпараттық түрде бағыттау болып табылады. Психодиагностикалық мәліметтер керек:

- ✓ оқушының әлеуметтік-психологиялық портретін құрастыруға (мектептегі статусын сипаттау үшін);
- ✓ оқуда, қарым-қатынаста және психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін балаларға көрсетілетін көмектің жолдары мен формаларын анықтау үшін;
- ✓ мектеп оқушыларына қарым-қатынастарына сәйкес келетін, психологиялық қамтамасыз ету құралдары мен формаларын таңдау үшін.

Дегенмен де диагностика және оның мәліметтері өзіндік мақсатқа айналмау керек. Кейінгі жылдары отандық әдебиеттерде мектептегі психодиагностикалық іс-әрекеттің ерекшелігін құрылымды және тиімді түрде көрсететін жұмыстар көптеп шығуда. Бұл жұмыстарды талдау мектеп психологының жұмысын төмендегідей ұйымдастырып, құрастыруға мүмкіндік береді.

1. Таңдалған диагностикалық жұмыс және нақтылы әдістер, мектептің психологиялық іс-әрекетінің мақсаттарына сай келу керек (тиімді

камтамасыз етудің мақсаты мен міндеттеріне). Басқаша айтқанда, қолданылатын тәсіл оқушының тиімді оқуы мен дамуы үшін қажетті психологиялық ерекшеліктерді анықтау керек. Диагностикалау барысында оқу процесі үшін қандай ерекшеліктер маңызды екендігін қалай білеміз деген сұрақ туындайды. Мұндай жағдайда, оқушының қандай да бір психикалық қасиеттері мен сапаларының мәнділігін анықтауға баланың психологиялық – педагогикалық статусы көмек бола алады. Оған жүріс-тұрыстың, оқу іс-әрекетінің, қарым-қатынастың психологиялық сипаттамалары мен оқыту процесі мен әртүрлі жас кезеңдерінің дамуында маңызды болатын оқушының жеке адамдық ерекшеліктері жатады. Мектеп психологының диагностикалық іс-әрекеттегі міндеті ретінде осы ерекшеліктерді уақытында анықтау жатады. Осы принципті ұстану диагностикалық жұмыстың көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

2. Зерттеу нәтижелері «педагогикалық» тілге оңай ауыстырылуы керек. Басқаша айтқанда, диагностиканың нәтижелеріне сүйене отырып, психолог немесе педагог баланың оқу және жүріс-тұрыстың қиындықтарының себебі туралы қорытынды жасап, білімдерді тиімді меңгеру үшін және қарым-қатынасына маңызды шарттар құра білетіндей болу керек. Бұл принципті жүзеге асыру, әдістердің көптігіне байланысты және олардың осы талаптарды қанағаттандырмау себебіне орай, мүмкін болмай отыр. Айтылған принциптерге сүйенетін АДМТ мен оның модификацияларын, Айзенктің жасөспірімдік жеке адамдық сұрақнамасын және кейбір мотивациялық сауалнамалармен келтіруге болады.
3. Қолданылатын әдістердің болжамдығы, яғни солардың негізінде баланың оқудың кейінгі сатыларындағы даму ерекшеліктерін болжау мүмкіндігі және де потенциалды қиындықтар мен бұзылыстардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Мектеп психологы үшін маңызды сұрақ ретінде диагностикалық мәліметтердің негізінде қалай мәселе тудырмайтындай оқу процесін ұйымдастыруға болады деген сұрақ туады. Бізге мәлім әдістер өзекті психологиялық қалыпты белгілеуге мүмкіндік береді. Ерекше шара ретінде, баланың мектептегі оқытуға дайындығын анықтауға бағытталған әдістерді айтуға болады. Оның ішінде көптеген әдістер баланың бірінші сыныптағы оқуын болжауға мүмкіндік береді.
4. Әдістің жоғары дамытушы потенциалы, яғни зерттеу үрдісі барысында және соның негізінде әртүрлі дамытушы бағдарламаларды құруға мүмкіндік береді. Мысалға, бала тест барысында жоғары қызығушылық, тұрақты зейін және үлкеннің көмегін қабылдайтындығын көрсетсе, оның ақыл-ойының нашар дамығандығы жөніндегі болжамымызды дәлелдеуге өте күшті тиімділік болып табылады. Бұл мәлімет оның ақыл-ойын шкалалық тұрғыда нақты анықтағанға қатар, әдісті түзетуші-дамытушы жұмысқа

модификациялауға болса, өте жақсы нәтиже береді. Мұнда да АДМТ әдісінің жетістіктерін келтірмей кетуге болмайды.

5. Шараның экономдығы. Өте жақсы тұрғыдағы мектептік әдістеме – бұл жеке, әрі топтық нұсқада қолданылатын, өңдеуге оңай және мәліметтерді өңдеуінде бір жақты болатын, қысқа, әрі көпфункционалды шара. Мәліметтердің бір жақтылығы тек жас ерекшеліктік нормативтермен байланысты болуы мүмкін. Авторлардың өз әдістеріне қоятын жас ерекшеліктің қалыптарына байланысты, әрқашан екі сұрақ туындайды: мәліметтер қалай алынады және жас ерекшеліктік қалыпқа алынған мәліметтің сәйкес келмеуі, міндетті түрде баланы оқыту мен дамыту барысында әртүрлі психологиялық мәселелерге әкеледі ме? Тек кейбір әдістер ғана бұл сұрақтарға жауап бере алады (Векслер әдісі).

Жоғарыда айтылған мектептің қолданбалық психодиагностикалық мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, диагностикалық іс-әрекеттің жүйесін құрастыруға болады. Ең алдымен, осы жүйенің қарамағында үш негізгі психодиагностикалық сызбаны бөліп көрсетуге болады: диагностикалық минимум, ақыл-ой дамуының патологиясы мен нормасын алғашқы дифференциациялау және терең психодиагностикалық зерттеу. Әрбір сызба “шешуші” қабілеттілігіне байланысты, белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталады. Дегенмен де бұлар өзара тығыз байланыста бола отырып, белгілі бір жалғастықпен қолданылады. Бірінші психодиагностикалық сызба – диагностикалық минимум. Бұл барлық оқушыларды параллельді тұрғыда психологиялық – педагогикалық түрде кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Сызба оқушының оқыту мен дамуына тиімді әсер ететін статусының әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағдарланады. Сызбаны жүзеге асыру мыналарға мүмкіндік береді, біріншіден, оқу, жүріс-тұрыс және мектептегі ортада психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін оқушылар тобын анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, параллельді түрде жүргізуде, оқушылардың танымдық, эмоционалды-еріктік және жеке адамдық өрісінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалға, жеке адамдық және мектептік үрейленудің жоғары деңгейі, қандай да бір танымдық процестердің әлсіз түрде дамуы (ырықты зейін, маңызды ақыл-ой әрекеттерінің қалыптасқандығы және т.б.), жүріс-тұрыс пен қарым-қатынастағы әлеуметтік дезадаптацияның белгілері. Сонымен қатар, екіншісіне ақыл-ой қабілеттілігі және ақыл-ой іс-әрекетінің, оқушының әлеммен өз-өзіне деген қатынас жүйесінің ерекшеліктері және т.б.

Диагностикалық минимум – көптеген ерекшеліктері мен мүмкіндіктері арқылы сипатталатын, мектеп іс-әрекетінің моделі ретінде саналатын негізгі сызбаға жатады. Ең бастысы, диагностикалық минимум салыстырмалы сипатта – ол барлық зерттелген балалар тобын шартты түрде екі топқа – “психологиялық жеткілікті” балалар, яғни өзіндік психикалық және жеке адамдық даму ерекшеліктері бар, оқыту мен жүріс-тұрыста мәселелерге әкелмейтіндей балалар және “оқыту мен дамуда қиындықтары бар” балалар

тобына бөлуге мүмкіндік береді. Бұл факт психологтың белгілі бір балаға қатысты кәсіби әрекеттерді жалғастықпен қолдануда маңызды болып саналады. Әрі қарай, бұл диагностикалық сызба белгілі бір параллельдегі барлық оқушыларды қамтуға мүмкіндік береді. Оның уақыты бойынша жүргізілуі, баланың мектеп өмірінің қиын кезеңдерімен байланысты: мектепке оқуға бару (1 сынып), орта буынға көшу (3-5 сынып), өте айқын көрінетін жасөспірімдік кезең (8 сынып), мектеп өмірінен кетуге дайындық уақыты (10-11 сынып). Зерттеу барысында алынған бұл ақпаратты мәнділендіре түседі. Диагностикалық минимумды лонгиютидтік зерттеумен байланыстыруға болады: ол бүкіл мектептегі оқу үрдісінде белгілі бір статустың сипаттамалары бойынша, оқушының қалпы мен дамуының динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Минимумды жүргізу мектептің оқу жоспарының бөлігі ретінде психолог пен мектеп әкімшілігімен бірге жылдың басында жоспарланып, психолог пен мұғалімдердің көмегі арқылы жүргізіліп, мұғалімдер мен ата-аналарды эксперттік сұраудан тұрады. Балалар мен жасөспірімдерді жедел-диагностикалық зерттеу тек басқа әдістермен бірге ғана жүргізіледі. Ақпараттың көп бөлігі, мектепке оқуға келген оқушыларды зерттеуден алынады. Диагностикалық минимум оқыту мен дамуында қиындықтары бар типтегі балаларға қатысты кейінгі екі диагностикалық минимум механизмдерін қосуға мүмкіндік береді.

Екінші диагностикалық сызба – оқушының ақыл-ой дамуының паталогиясы мен нормасын алғашқы рет салыстыру. Мектеп психологы баланың дамуындағы патологиялық бұзылыстарды және психиатриялық диагнозды қоймайды. Мектеп психологының міндеті баланың қиындықтары клиникалық сипаттағы, оның психикалық бұзылыстарымен байланысты ма деген сұраққа жауап беру. Қалыпты жауап алатын болса, мектеп психологы сұранысты басқа маманға беріп, диспетчерлік қызметті атқарады.

Бұл сызбаны жүзеге асыру кіші мектеп жасындағы және жасөспірімдік шақтағы оқушыларда кездесетін, мүмкін болатын бұзылыстармен жұмыс істеуде, мектеп психологы ата-аналармен мұғалімдерге кеңес беру және диспетчерлік қызметтерді атқарады. Өте қысқа түрде қойылған кәсіби міндет, бұл бағыттағы диагностикалық іс-әрекеттің көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Әрине, мұнда мектеп психологы психикалық дамудың шекарасын, ақыл-ой дамуының артта қалуы мен олигофренияны анықтайтын жедел-әдістермен шектеледі.

Үшінші диагностикалық сызба-баланы терең түрде психологиялық зерттеу. Бұл мектеп психологының балалармен мынадай жұмыстар атқаруын білдіреді:

- ✓ бала туралы қосымша ақпарат беретін, ішкі психологиялық конфликтісімен жұмыс істеу;
- ✓ баланың танымдық өрісінің ерекшеліктері мен мәселелерімен жұмыс атқару;

Бұл сызба “психологиялық жеткіліксіз” топтың балаларымен жедел-диагностиканың нәтижелері бойынша немесе ата-аналар мен мұғалімдердің сұранысы бойынша жүргізіледі. Мұндай диагностикалық іс-әрекет жекелік

сипатта болып, өте күрделі әдістер арқылы жүзеге асырыла отырып, психологтың да, оқушының да көп уақытын алады. Мұнда жүргізілетін шаралар көп қызметті, әрі қақтығыстың аймағы мен мазмұнын анықтауға осы қақтығыстарды тудыратын ішкі жеке адамдық ерекшеліктерді анықтау мақсатын ұстану керек.

Бұл модельдің сызбасын жүзеге асыру, міндетті түрде балада кездесетін мәселелер туралы болжам құру арқылы көрінеді. Мұндай болжам көптеген жағдайларда диагностикалық минимумның нәтижелері және оқушының өзімен, ата-анасымен не мұғаліммен әңгімелесуден кейін құрылады. Құрылған болжам зерттелетін ерекшеліктерді шектеп, психологтың жұмысын мәнді, мағыналы етеді. Басқаша айтқанда, кез-келген психодиагностикалық іс-әрекет басқа элементтермен жүйелі түрде жүргізілгенде, оның ішінде түзетіп-дамытушы іс-әрекетпен қатар жүргенде, мағыналы, әрі тиімді, мазмұнды нәтиже береді.

Екінші бағыт – оқушылармен психологиялық түзету және дамыту жұмысы. Мектеп психологының дамытушы іс-әрекеті оқушылардың бірегей психологиялық дамуы үшін, әлеуметтік психологиялық шарттарды құруға бағдарланады. Ал психотүзетуші іс-әрекет, осындай даму процесі барысында оқытуда, жүріс-тұрыста және психикалық өзін-өзі сезінуде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталады. Нақтылы жұмыс формасы, психодиагностиканың нәтижелерімен анықталады.

Бірінші жұмыс формасы даму деңгейімен өзекті қалпы күрделі психологиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оқушылармен жұмыс істеуге бағдарланса, екінші форма дамуда, жүріс-тұрыста, психикалық өзін-өзі сезінуде анықталған психологиялық мәселелермен жұмыс атқаруға бағдарланады.

Түзету – дамыту жұмысы мектеп психологының балалармен жасөспірімдер мен жұмыс атқаруындағы негізгі бағыт болып саналады. Диагностика бұл жұмысты жүргізудегі негізгі ұйымдастырушысы болып саналады. Бұл бағыттың негізгі принципі, оның мазмұны мен ұйымдастырылуында жатқан бірегейлілігі. Басқаша айтқанда түзету – дамыту жұмысының мазмұны бала мен жасөспірімнің тұлғасына бірегей әсерді қамтамасыз ету керек. Баламен жұмыс істеуде, оның толық тұлғасымен, оның ішінде мотивациялық, эмоционалдық және басқа да өрістерінің көрінісімен бірге жүйелі түрде атқарылу керек. Мектептегі түзетуші-дамытушы жұмысты құруда, арнайы талаптарды ұстану керек. Ең алдымен бала не жасөспірім бұл жұмыстарға ерікті түрде қатысу керек. Ал, бұл жұмыс бастауыш сынып оқушыларымен және де 5-6 сыныптармен жүргізілетін болса, олардың ата-аналарының келісімін алған дұрыс болады. Түзетуші-дамытушы жұмыстың мазмұнын жоспарлауда тек қана қажеттілік, құндылық ерекшеліктеріне байланысты жас кезеңдерінің көріністерімен қатар, оқушының әлеуметтік және мәдени ортасының, жеке ерекшеліктерін ескеру керек. Сонымен қатар, мектепте жүргізілетін түзетуші-дамытушы жұмыстың әдістері мен формаларының бірегейлігі мен жалғастығы туралы

ұмытпау керек. Енді мектеп психологының түзетуші және дамытушы іс-әрекетіне толығырақ сипаттама берейік.

Мектеп тәжірибесіндегі дамытушы жұмыс дәстүрлі түрде баланың өзіндік сана-сезімі мен психологиялық өмірінің әлеуметтік, эмоционалды жеке адамдық, танымдық өрістеріне бағдарланады. Мұндағы жұмыс дәстүрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалға, психологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мұндай жұмыс психолог пен оқушының сабақтан тыс уақытында ұйымдастырылуы мүмкін (тренингтік, дамытушы, оқытушы жұмыстар). Сонымен қатар, мұндай ортаны сабақ үстінде, тәрбиелеу үрдісінде және сабақтан тыс уақытта, психологиялық дамытушы технологияларды қолдана отырып, құра алады. Сонымен қатар, психологиялық дамытушы орта ретінде, оқытушы психодиагностика, басқаша айтқанда, әртүрлі психодиагностикалық шаралардың мәліметтерін психологпен біріге отырып талдау арқылы жасөспірімдер мен жастық шақтағы оқушылардың өз-өздеріне дамыту мен тануы. Оқу іс-әрекетінде дамытушы жұмысты психолог жанама түрде жүргізе алады. Ол психолог пен педагогтың біріге отырып, балалардың психикалық әлемдерінің әртүрлі жақтарын ескеретін, оқу үрдісіне енгізілетін формалар арқылы көрінеді. Мектеп тәжірибесіндегі психотүзетушілік жұмыс жоғарыда айтылғандай әртүрлі психологиялық қиындықтары, мәселелері бар оқушыларды анықтап, сол мәселелерді шешуге бағдарланады. Психолог үлкен топпен жұмыс атқаратындықтан, әрбір баланың мәселесіне байланысты даралық түзету бағдарламасын құрай алмайды. Ең алдымен бағдарлама жас ерекшеліктерін және осы жаста көптеп кездесетін мәселелерді ескере отырып, құрылуы керек. Әрине, мектеп психологы баланың барлық мәселелерімен жұмыс істей алмайды. Мектеп психологының біліктілігі мен жұмыс ауырлығын ескере отырып, оның міндетіне дамытушы жұмыс пен мектепке бейімделу мен танымдық өрісінің мәселелерін шешуге бағытталған түзету жұмыстарын ғана атқарады. Ал басқа мәселелерді шешу мүмкіндігі психологтың жеткілікті түрде дамыған кәсіби дағдыларына байланысты. Психотүзетуші жұмыс топтық және даралық түрде де жүргізіледі. Мұндағы нақтылы жұмыс формасын таңдау баланың жас ерекшелігіне, мәселенің сипатына байланысты болады. Сонымен қатар, бірегейлік принципін ұстану өте маңызды болып саналады.

Үшінші бағыт – оқушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдерге кеңес беру және ағарту. Ағарту мектеп психологының кәсіби тәжірибелі іс-әрекетінің бір формасы ретінде, маман үшінде, тыңдаушылар үшін де ең қауіпсіз жұмыс болып саналады. Ағарту тыңдаушыларға белсенсіз позицияны ұстандырады, мұндай жағдайда адамда бұрыннан қалыптасқан көзқарастар жаңа біліммен сәйкес келмесе, оның өзгеруіне әкеледі. Қамтамасыз ету міндетін шешу көзқарасы тұрғысынан, пәндік оқыту үрдісінде тиімсіз болып саналады. Ағарту нәтижесі ретінде оқушыға мектеп өмірінің дәстүрлі өрісінде жетістікпен оқып, дамуға мүмкіндік беретін, оқушылардың психологиялық білімдер мен дағдыларды меңгеруін айтуға болады. Оқушыларға берілетін білімдер олардың жеке адамдық даму үрдісіне

еніп, ішкі процестерінің катализаторы болу үшін, жұмыстың формасына және мазмұнын таңдауға өте ұқыпты түрде қарау керек. Мазмұнын таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктерін, құндылықтарын, даму деңгейін, қандай да бір білімдер мен дағдыларды меңгеруге деген дайындығын ғана емес сонымен қатар шын мәніндегі топтағы бар өзекті мәселені де ескеру керек. Ағарту жұмысы оқушылардың қандай да бір білімдерге деген өзекті сұранысына байланысты ұйымдастырылды мүмкін. Мысалға, мұндай сұраныс жоғарғы сынып оқушыларынан әртүрлі мамандықтарға қойылатын талаптарға байланысты болуы мүмкін. Психолог психологиялық білім ретінде өзекті сұраныстарды пайдаланып қана қоймай, оны қалыптастыруға да тырысу керек.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудың негізгі формасына әлеуметтік психологиялық білімдерді жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі мектеп жұмысының белсенді формаларына енгізуді жатқызуға болады (КТК, тақырыптық кештер, т.б.). Толығырақ айтқанда оқушыларды психологиялық ағарту оқу, қарым-қатынас және жеке адамдық даму үрдісі барысында оқушылардың әлеуметтік психологиялық білімдерді белсенді түрде пайдалануы үшін, жағымды шарттар құруға бағдарланады. Оның тиімділігі дәл осы уақытты ұсынылатын білімнің жеке оқушыға немесе оқушылар тобына өзекті, әрі мәнді екендігімен және психологтың білімдерді беру формасын таңдағандығымен анықталады. Оқушыларға кеңес беру – жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларына бағдарланған тәжірибелік жұмыстың тағы бір маңызды түрі. Кеңес беру әртүрлі мазмұнды болып, оқушының кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтау мәселелерін, қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін қамтуы мүмкін. Кеңес беру психологтың оқушылармен жүргізетін көп қызметті қамтитын жеке жұмыстарының бір түрі ретінде саналып, мынадай міндеттерді шешеді:

- ✓ оқытуда қарым-қатынаста, психикалық өзін-өзі сезінуде қиындық көретін жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларына көмек көрсету;
- ✓ тиімді оқу мен даму үшін, жасөспірімдермен жоғары сынып оқушыларына өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау дағдыларын, өзінің психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін пайдалана білуге үйрету, оқыту;
- ✓ өзекті стресс, қақтығыс, эмоционалдық уайым қалпындағы оқушыларға психологиялық көмек беру.

Мұғалімдерге психологиялық кеңес беру және ағарту. Психологиялық кеңес беру – психологтың мектептегі тәжірибелі іс-әрекетінің маңызды бағыты. Психологтың мектептегі әрекетінің тиімділігі, оқушыларды қамтамасыз ету міндетін шешуде, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігімен қарым-қатынас орната білуі арқылы көрінеді. Бұл жұмыс, әрине кеңес беруде жүзеге асырылады. Көптеген жағдайларда психологтың кеңес беруінен мұғалімдер, тәрбиешілер қандай да бір педагогикалық жағдайда өзін қалай ұстап, қалай әрекет етуіне байланысты дайын кеңестер, нақты түсіндірулерді күтеді. Мұндай жағдайда психолог тек мәселені, сұрақты шешуге

байланысты шарттар құрады және өзіне барлық жауапкершілікті алмайды. Психологиялық-педагогикалық кеңес беру – бұл мұғалімдердің кәсіби және мектеп өмірімен байланысты мәселелерін шешуге бағытталған, мұғалімдерді біріккен іс-әрекетке ұйымдастыратын әмбебап жұмыс формасы. Ол келесі принциптерге сүйенеді:

- ✓ психолог пен педагогтың тең құқықтық өзара әрекет етуі;
- ✓ мұғалімнің бойында туындаған мәселені өзі шешуі үшін бағытты қалыптастыру;
- ✓ мәселені шешуге деген жауапкершілікті кеңес беруге қатысушылардың бірдей алуы;
- ✓ мұғалім мен психолог арасындағы кәсіби қызметтерді бөлу;

Пән мұғалімдері мен тәрбиешілерге кеңес беру оқыту және тәрбиелік бағдарламаларды психологиялық адекватты түрде құрып, жүзеге асырумен байланысты. Психологиялық адекваттылық ұғымы бағдарламаның психологиялық-педагогикалық және психологиялық-физиологиялық талаптарға, оқушылардың жас ерекшеліктеріне мүмкіндіктеріне сәйкес келуін білдіреді. Жекелеген оқушылар мен оқушылар тобына байланысты оқыту, жүріс-тұрыс және жеке адам аралық қатынас мәселелері бойынша мұғалімдерге кеңес беру, маңызды жұмыстардың бірі ретінде саналады. Мектеп психологының келесі тәжірибелік іс-әрекетінің бір түрі ретінде, психологиялық-педагогикалық консилиумды айтуға болады. Бұл жұмыс түрі оқыту үрдісінде әрбір оқушыны психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге бағытталған бірдей стратегияларды құру және жоспарлау арқылы көрінеді. Консилиум барысында баланың оқушы статусына байланысты мұғалімнің, сынып жетекшісінің дәрігердің және психологтың ақпараттары жинақталады. Осының негізінде баланың өзекті қалпы мен мүмкіндіктері және алдыңғы даму динамикасы ескеріле отырып, оның әрі қарайғы оқуы мен дамуының бағыттары анықталады.

Мұғалімдерді психологиялық ағарту мұғалімдердің кәсіби және жеке адамдық мәнді білімдерді алу жұмысын айтамыз. Ең бастысы, мұнда алынған психологиялық білімдер мен дағдылар, мұғалімдерге мынадай ерекшеліктерге мүмкіндік береді:

- ✓ мазмұндық және әдістемелік көзқарас тұрғысынан, оқушылардың пәндік оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру;
- ✓ әріптестермен және оқушылармен жағымды өзара қатынас орната білу;
- ✓ өзара әрекет барысында мектептің басқа мүшелерімен қызметтегі және қарым-қатынастағы тұлғасын саналы түрде ұғыну.

Ата-аналарға кеңес беру және ағарту. Мектеп психологының ата-аналармен атқаратын жұмысының міндеттері өте пікірталасты сұрақ болып саналады. Мектеп психологының ата-аналарға қатысты іс-әрекетінің жалпы мақсаты баланы мектептегі оқуда жанұясының сүйемелдеуі үшін, жағымды әлеуметтік психологиялық шарттарды құра білуімен анықталады. Ең алдымен бұл туындаған мәселелерді шешу үшін қажет. Сонымен қатар, мақсат ретінде баланың оқуы мен дамуы барысында туындаған мәселелерді шешуіндегі, ата-ананың бойында жауапкершілік бағытын қалыптастыру

және біріккен іс-әрекет жағдайын құруды айтуға болады. Мұндайда жанама түрде мектеп психологының жанұядағы жағдайға араласпау принципі де жүзеге асырылады. Ағарту жұмысына қатысты оның мазмұны, формасы туралы сұрақ туындайды. Психолог ата-аналарға жүйелі психологиялық білімдерді бермейді, керісінше, кездесулерді пайдалана отырып, оқушының балалық даму динамикасы туралы терең түсіндіре отырып, баланың өзекті мәселелерімен таныстырады. Ол үшін жиналыстарда қысқа психологиялық әңгімелесулер, арнайы ата-аналық күндер пайдаланылады. Ата-аналарға берілетін психологиялық-педагогикалық кеңес беру әртүрлі қызметтерді атқаруы мүмкін. Кеңес беру баланың мектептегі оқытуда кездесетін қиындықтары ата-ана мен баланың тиімді қарым-қатынас ұйымдастыруына бағытталады. Сонымен қатар кеңес беруді психологтың инициативасына байланысты, диагностикадан кейін, бала туралы қосымша ақпарат алу мақсатында жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, жанұядағы күрделі мәселелерді эмоционалды уайымдауында, ата-аналарға кеңес беру мақсатында жүргізіледі.

Төртінші бағыт-әлеуметтік-диспетчерлік іс-әрекет. Әлеуметтік диспетчерлік іс-әрекет оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге, мектеп психологының кәсіби құзіреттілігі мен қызметтік міндеттеріне кірмейтін әлеуметтік психологиялық көмек алуына бағытталады. Диспетчерлік қызметті жүзеге асыру үшін, психологта кәсіби қызмет көрсететін әртүрлі әлеуметтік психологиялық қызметтердің мәліметтері туралы ақпараты болуы керек. Психолог бұл бағытта іс-әрекет атқаруда мынадай міндеттерді шешеді:

- ✓ туындаған мәселенің сипаты мен оны шешу мүмкіндіктерін анықтау;
- ✓ көмек көрсетуге қабілетті маманды іздеу;
- ✓ клиентпен қарым-қатынас орната білуге қатысу;
- ✓ арнайы құжаттарды дайындау;
- ✓ клиент пен маманның өзара әрекетінің нәтижелеріне бақылау жасау;
- ✓ маманмен жұмыс істеу үрдісінде клиентке психологиялық көмек беруді қамтамасыз ету.

Басқаша айтқанда психолог жұмысты басқа маманға бере отырып, баланы оқыту мен дамытудағы өз қатысуының жауапкершілігін алып тастамайды. Оның қызметтері сол қалпында қалады, тек жұмыстың қалпы мен мазмұны ғана өзгереді.

Тақырыбы: Оқушының психологиялық – педагогикалық статусы.

Жоспар:

1. Оқушының психологиялық – педагогикалық статусын құрайтын сипаттамалар.
2. Оқушының психологиялық – педагогикалық картасына енетін мәліметтер.

Оқушының психологиялық – педагогикалық статусын құрастыру, теориялық та тәжірибелік тұрғыдан маңызды болып саналады. Мектепке келген бала әлеуметтік ортаға ене отырып, өзінің психикалық және жеке

адамның дамуының, әлеуметтенуінің, білім алудың және т.б, жеке мақсаттарын жүзеге асырады. Ал мектептегі ортаның әлеуметтік-психологиялық талаптары, шарттары баланың мақсаттарын жүзеге асыруында қандай да бір мүмкіндіктер береді, ал кейбір жағдайларда шектеуліктер қояды. Осыған орай, екі аса мәнді түсінікке шығамыз: оқушының психологиялық – педагогикалық статусы және оқуға, жүріс-тұрысқа және оқушының психологиялық дамуына қойылатын психологиялық – педагогикалық шарттар жүйесі.

Психологқа бұл көрсеткіштерді мазмұндық түрде толықтыру, *диагностикалық жоспарлауда* мыналарға мүмкіндік береді:

- оқушының психологиялық дамуының әртүрлі аспектілерін бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштерді құрастыру: психикалық үрдістердің даму деңгейі, психикалық өмірдің әртүрлі жақтарының мазмұны және т.б.;
- оқушының психикалық өмірінің әртүрлі аспектілерін қамтамасыз етуді бағалауға мүмкіндік беретін арнайы әдістерді іріктеу;
- оқытудың барлық жылында талдау мен бағалаудың бір көрсеткішін қолдана отырып, оқушының қалпы мен дамуына бақылау жасауды ұйымдастыру;
- көрсеткіштерді бір параллельдер ішінде салыстыру;
- оқушының дамуының әртүрлі көрсеткіштері бойынша, арнайы нормативтерді шығару.

Психотүзетушілік және дамытушылық жоспарда бұл түсініктер мыналарға мүмкіндік береді:

- Түзетуші-дамытушы жұмысты балалар мен жасөспірімдердің мектептегі мәселелері және қиындықтарымен жұмыс істеуде көмек болатын мазмұнмен толықтыру;
- Оқушыға әлеуметтік-педагогикалық ортаның қоятын талаптарына сәйкес, түзетуші-дамытушы бағдарламаны талаптары мен мүмкіндіктеріне байланысты толықтыру.

Кеңес беру және ағарту жоспарында психологиялық – педагогикалық талаптар түсінігінің көмегімен біз мыналарға қол жеткіземіз:

- пәндік педагогикалық бағдарламалардың мазмұндық және әдістемелік аспектілерін және оқушылар мен жасөспірімдердің анықталған ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қарым-қатынас стилін талдау, жетілдіру;
- тәрбиелік және оқыту бағдарламаларын ғылыми психологиялық – педагогикалық талаптар жүйесіне сәйкес талдау;
- мұғалімдермен жүргізілетін ағарту жұмысын мазмұнмен толықтыру, мұғалімдерді психологиялық – педагогикалық статус және оқушылардың оқу, жүріс-тұрыс психикалық өзін-өзі сезіну барысында туындайтын қиындықтардың, себептердің мазмұнымен таныстыру.

Оқушының психологиялық – педагогикалық статусы мектеп ортасында тиімді оқу мен дамуға әсер ететін, маңызды іс-әрекет түрлерінің, жүріс-

тұрыстың және ішкі психологиялық қалыптың жиынтығын білдіреді. Бұл жиынтыққа негізгі қатарлардың сипаттамасын енгіземіз.

Жалпы алғанда оқушының психологиялық – педагогикалық статусына екі түрлі типтің сипаттамалары енеді. Бірінші типтің сипаттамалары-критериалды деп аталып, баланың маңызды психологиялық өзгерістерінің қалпын, әртүрлі нормативтік көрсеткіштер мен талаптарға сәйкес қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл нормалар жас ерекшеліктік дамуға, нақты әлеуметтік-педагогикалық ортаның талаптарына және арнайы адамгершілік-құқықтық нормаларда болуы мүмкін. Сәйкестендіру, салыстыру нәтижесі бойынша оқушының оқудағы, жүріс-тұрысындағы және жеке тұлғалық дамуындағы ерекшеліктердің нормативтік талаптарға сай келмеуіне байланысты қиындықтары көріне бастайды.

Екінші типтің сипаттамалары констатациялаушы деп аталып, оқушының танымдық іс-әрекеттерінде, қарым- қатынасында, жүріс-тұрысында, қоршаған ортамен байланысында көрінетін ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда баланың барлық ерекшеліктері емес, оның мектептегі оқуымен толыққанды дамуы үшін маңызды болып саналатындарды ғана ескереміз.

1 қатар – оқыту, тәрбиелеу және даму ортасының әлеуметтік ерекшеліктері. Оған оқушы үшін мәнді, әрі әртүрлі әлеуметтік қатынастарындағы алатын орнының объективті сипаттамалары енеді. Олар мынандай:

- ✓ оқушының әлеуметтік- экономикалық қатынастар жүйесінде алатын орны (материалдық қамтамасыздығы, әлеуметтік-болмыстық талаптар);
- ✓ оқушының ішкі отбасылық қатынастар жүйесінде алатын орны (отбасының типі, жанұя құрамы, отбасы мүшелерінің іс-әрекеттерінің сипаты және т.б.);
- ✓ оқушының құрбыларымен топ ішіндегі қатынастар жүйесінде алатын орны (топтағы әлеуметтік-психологиялық статус, бөлінген рөлдері, жақын достарының болуы).

Жалпы алғанда, бұл блоктың мазмұнын «әлеуметтік ортаның оқушының психологиялық қалпы мен даму перспективасына потенциалды әсері» деп сипаттама беруге болады. Баланың әлеуметтік ортасының ерекшеліктері мен сол ортаның баланың психикалық қалпы мен дамуына әсер ететін факторлары туралы білу мектеп психологы үшін өте маңызды. Әсіресе, баланың әлеуметтік ортамен қатынасында қалыптасатын даму ерекшеліктеріне көбірек талдау жасау керек. Мысалға, отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін алуға болады. Олар оқушының құрбыларымен өзара қатынасында қарым- қатынас және жүріс- тұрыстың тұрақты стилін және де оқушының бойында қандай да бір әдет-дағдылардың қалыптасуына әкелді. Бала туралы мұндай ақпараттарды жинау және сақтау өте маңызды болғанмен, бұл жұмысты міндетті түрде психолог атқармайды, бұл жұмысты әлеуметтік педагогтың не қызметкердің атқарғандығы дұрыс.

2 қатар – оқушының танымдық іс- әрекетінің ерекшеліктері. Ол оқушының танымдық қызметтері мен танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерінің даму деңгейі арқылы көрінеді:

- ✓ оқушының ақыл-ойының даму деңгейі мен жас ерекшеліктік қалпы сәйкес келеді;
- ✓ танымдық процестер, феномендер және педагогикалық талаптардың даму деңгейінің сәйкес келуі (осы мектепте, белгілі бір даму деңгейінде, осы даму бағдарламасында және т.б.) нақтырақ айтқанда танымдық процестердің нақтылық деңгейі, осы жас ерекшелікке сәйкес келетін ойлау және ақыл-ой іс-әрекетінің түрлері, сөздік даму деңгейі және басқа да танымдық көрсеткіштер қарастырылады;
- ✓ оқушының танымдық іс-әрекетінің жекелік ерекшеліктері, мысалға, жоғары интеллектуалдық белсенділік, вербалдылық, интеллектуалдық белсенсіздік және т.б. ;
- ✓ ақыл- ойдың жұмысқа қабілеттілігі және ақыл-ой іс-әрекетінің қарқыны.

Бұл сипаттамалар оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру үшін маңызды және әртүрлі психологиялық қиындықтарды алдын-алу жұмысы үшін және ата- аналар мен мұғалімдерге кеңес беруде өте маңызды болып саналады.

3 қатар-мотивациялық және жеке адамдық өрістің ерекшеліктері. Бұл оқу іс- әрекетінің маңызды мотивтерінің қалыптасқандығы, мотивациялық өрістің ішкі қақтығыстары және жеке адамдық қасиеттердің ерекшеліктерімен көрінеді. Нақтырақ айтқанда, бұл қатарға мына көрсеткіштер кіреді:

- Оқу мотивациясы мен оның нақтылы мазмұнының болуы (оқудың танымдық, әлеуметтік және т.б. мотивтер);
- Оқу іс-әрекетін мотивациялық реттейтін негізгі типтері-жетістікке жету, сәтсіздіктен қашу;
- Мотивациялық өрістің қақтығыстығы (жеке адамдық үрейлену);
- Анық түрде көрінетін жеке адамдық акцентуациялардың болуы.

Басқаша айтқанда, бұл қатарды оқушының оқу іс-әрекетінің мотивациялық іс-әрекеттері құрайды. Өнімді оқу мотивациясы тиімді оқытудың басты шарты болып саналады. Егер де бастапқы оқыту кезеңінде баланың білімді меңгеруі үшін ата-аналар мен мұғалімдерден жағымды қатынастың болуы, баланың өзін комфортты сезінуіне әсер ете отырып, оқу мотивациясына үлкен әсерін тигізеді. Ал жасөспірімдік кезеңде оқудың тұлғалық мәнін түсінуі, оқушыға кең көлемді оқу материалын тиімді түрде өңдеуіне мүмкіндік береді. Мотивацияның ерекшеліктері мен мектеп іс-әрекетіндегі оқу және басқа да мәнді өрістеріндегі сипаттамалар мектеп психологының диагностикалық және кеңес беру, дамытушылық іс-әрекетін құрайды. Алғашқы екі көрсеткіштер тұрғысынан, баланың дамуы мен қалпын талдау, біріншіден, адекватты оқу мотивациясының қалыптаспағандығы себебіне байланысты анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден, оқушының оқу белсенділігінің мотивациялық реттеуші ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

4 қатар – оқушының әлем мен өз-өзіне деген қатынас жүйесінің ерекшеліктері. Бұл қатар өзіне оқушылардың төмендегідей қатынастар жүйесін қабылдауы мен эмоционалды бағалауын енгізеді. Қатынастар жүйесі:

- Құрбыларымен қатынасы;
- Отбасындағы қатынастары;
- Мәнді ересек адамдармен қатынасы (мұғалімдер);
- Мәнді іс-әрекет түрлеріне деген қатынасы (мектептегі ортада);
- Өз-өзіне деген қатынасы.

Бұл көрсеткіштер блогы оқушының дамып, қалыптасатын әлеуметтік қатынастар ортасының субъективтік жағы болып саналады. Бұл қатынастар жүйесінің субъективтік аспектісі, баланың тиімді оқуы мен дамуы үшін маңызды болып саналады.

5 блок – мектеп ішіндегі өзара әрекет жағдайындағы, оқушының жүріс-тұрысының ерекшеліктері. Оның ішінде аса мәндіге мыналар жатады:

- ✓ Жүйке-жүйесінің психодинамикалық қасиеттеріне негізделген, жүріс-тұрыс пен қарым-қатынастың категориялық ерекшеліктері (мысалға, жоғарғы энергетика, жоғары өзін-өзі реттеу, баяулылық, импульсивтік, инерттілік және т.б.);
- ✓ Оқушының әлеуметтік-психологиялық бейімделмеуін көрсететін жүріс-тұрыстық ерекшеліктері. Мысалға, іс-әрекеттен қашу, құрбыларымен қарым-қатынастың бұзылу, жүріс-тұрыстың әлеуметтік нормативтілігінің төмендігі, депрессивтілік, эмоционалды есеймегендік, невротикалық көріністер.

Сонымен қатар, бұл қатарды екі типтің сипаттамалары құрайды. Бірінші көрсеткіштердің жиынтығы жүріс-тұрыстың мінездік ерекшеліктері деп аталып, оқушының жүйке жүйесінің психодинамикалық қасиеттеріне негізделген, жүріс-тұрыс ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Оның ішінде кейбіреулері психодинамикалық деңгейдегі жоғарғы энергетикалық, мақсат көздеушілік және жүріс-тұрысты реттеушілік секілді көріністеріне байланысты баланың жалпы дарындылық деңгейін көрсетеді. Бұл ерекшеліктерді ешбір өзгертуге болмайды, себебі олардың өзгеруі жекелік сапалар мен қасиеттерге байланысты болғандықтан, ең алдымен жеке адамның өзі өзгеруі керек. Бұл ерекшеліктерге немесе оқушының өзін бейімдеп, кейбір кемшіліктерді жетістіктерге айналдырып, әрқайсысының максималды пайдасын көруіне үйрету керек. Екінші көрсеткіштердің жиынтығы критериалды сипатта болып, бейімделмеу сипаттарымен көрінетін оқушылар тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Тақырыбы: Мектептегі психологиялық қызметті жүргізу.

Психопрофилактикалық жұмыстар жүргізудің мақсаты мектеп мұғалімдеріне жүйелі түрде психологиялық кеңестер бере отырып, олардың психологиялық сауатын көтеру. Оқушыларда кездесетін психикалық ауытқушылықтың алдын алу шараларын жүргізу, бала психологиясындағы өзгерістер туралы ата-анаға дер кезінде психологиялық кеңестер беріп,

олардың алдын-ала сақтандырып отыру. Мектеп жағдайындағы психопрофилактикалық жұмыстарға жататындар:

- Балалардың мектептегі оқуға психологиялық даярлығын анықтау (ес, зейін, ерік, ойлау, сөйлеу, қабылдау т.б.);
- Бастауыш сынып оқушыларының мектептегі оқуға тез бейімделуін анықтап, ата-аналар мен ұстаздарға ұсыныстар беру;
- Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшу барысындағы психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, психологиялық кешеуілдеу мен ауытқушылықтарды анықтап, оны жоюға бағытталған шаралардың бағдарламасын жасау;
- Оқушылардың әрбір психикалық үрдістерінің, сезімі мен еркінің, қабілеті мен мінезінің дамуына үзбей зерттеу жүргізіп, ұсыныстар беру;
- Арнаулы бағдарламамен жұмыс жүргізуді қажет ететін оқушылар үшін пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, арнаулы бағдарламалар дайындау;
- Интернат типіндегі мекемелерге қабылданатын оқушылар үшін арнайы психологиялық зерттеулер жүргізіп, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау;
- Оқушылардың тұрмыс жағдайларына, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктеріне (күрделілік, олқылықтар, мұғалімнің өзіне тән психологиясын түсінбеу т.б.) байланысты олардың жүйке жүйесінің бұзылуының алдын алу;
- Педагогикалық ұжымда үйлесімді психологиялық ахуалды қалыптастыру, ұстаздар мен оқушылардың, ата-аналар мен ұстаздардың арасында сенімді байланысты қалыптастырып, психологиялық ынтымақтастықты орнату.

Психолог психопрофилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін сынып жетекшілермен бірлесе отыра, оқушылар туралы мәліметтер жинақтайды:

- дарынды оқушылар;
- озат оқушылар;
- үлгермеуші оқушылар;
- «қиын» оқушы мәселесі;

Сабақтарға қатысады:

- оқушылардың жалпы білім деңгейін анықтау мақсатында;
- оқушылардың психикалық үрдістеріне, мінез-құлық, темперамент ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу мақсатында;
- мұғалімдерге педагогикалық-психологиялық ұсыныстар беру мақсатында;

Оқудан тыс шаралар ұйымдастырады:

- мұғалімдер үшін психотерапиялық ойындар мен тренингтер өткізу;
- педагогикалық-психологиялық консилиумдар өткізу;
- IX-XI сынып оқушыларының кәсіби бейімділігін зерттеу;
- оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеу;
- мұғалімдер үшін психологиялық мазмұнда тұрақты семинарлар өткізу;

Психопрофилактикалық жұмыс түрлері: психологиялық сауаттандыру, психологиялық кеңес беру, педагогикалық-психологиялық консилиум.

Психодиагностикалық жұмыстар-ол әрбір жас кезеңдеріндегі оқушылардың өзіндік психикалық үрдістерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен зерттеу әдістемелерін қолдана отыра анықтайды. Психодиагностикалық жұмыстарды мектеп психологы мынадай мақсатта жүргізе алады:

- Оқушылардың психикалық дамуы оның жас ерекшеліктеріне сай келе ме? Әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізу мақсатында олардың қабілетін ерте анықтау үшін психологиялық зерттеулер жүргізеді;
- Балалардың жас дамуынан төмен психикалық ауытқушылықтарының себептерін, мінез-құлықтың бұзылу себепін анықтауға арналған диагностикалық зерттеулер жүргізеді;
- Оқушылардың ересектермен (мұғалім, ата-ана), өз құрбыларымен қарым-қатынасының мазмұнын, қарым-қатынастың бұзылуының кейбір психологиялық себептерін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізеді.

Адамды тәрбиелеудегі ең басты өзекті мәселе-оның ішкі жан-дүниесін терең зерттеу. Себебі, ұстаз адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, сол адамды барлық жағынан білуі шарт екенін ешқашан естен шығармау қажет. Адамды зерттеу-ол бір күндік жұмыс емес, ол ұзақ және күрделі процесс. Мектепте оқушыларға психологиялық зерттеу жүргізу-мектеп психологының әрбір пән мұғалімінің, сынып жетекшілерінің міндеті.

Психокоррекциялық (түзету) жұмыстары. Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына белсенді түрде психологиялық әдіс-тәсілдер арқылы ықпал ету. Білім беру мен тәрбие жұмыстарын қатар жүргізе отырып, оқушылардың қабілеті мен бейімділігі, жалпы психикасындағы ауытқушылықтар мен кемшіліктерді түзету. Ол үшін психолог:

- Жас ерекшелігіне байланысты әрбір кезеңнің қалыптасу бағдарламасын жасауы керек;
- Психикасында ауытқушылығы бар балалардың жүйке жүйесінің бұзылуының себептерін анықтайды;
- Әрбір психикалық ауытқушылықтардың мазмұнына байланысты коррекциялық (түзету) жұмыстың бағдарламасын жасайды;
- Шұғыл шара алатындай отбасы жағдайы қиын балалар мен жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетудің бағдарламасын жасау.

Психокоррекциялық жұмыс ата-аналармен, мектеп мұғалімдері мен дәрігермен бірлесіп жүргізілуі керек. Психокоррекциялық жұмыстар барысында оқушыларға ойын тренингтерін беру, имитациялық ойындар, түрлі маңызды ситуацияларды шешу т.б. тапсырмалар беріледі.

Сабаққа психологиялық талдау жасау жүйесі

I. Сабақтың құрылымы.

- Тақырыбы, мақсаты.

- Сабақтың құрылымы және оның маңызы.
- II. Сабақтың мазмұнына психологиялық баға беру.
- Оқу материалының сапасы (берілген материал сол жастағы баланың қабылдауына сәйкес келе ме, келмей ме деген мәселелер жөнінде);
 - Мұғалімнің оқу материалын оқушыға жеткізу түрлері (ауызша баяндау, мысалдар келтіру, салыстыру, көрнекілікті, өмірмен байланыстыру түрінде);
 - Сабақтың тәрбиелік мәні (адамгершілік, эстетикалық, имандылық) және мұғалімнің сол тәрбие түрлерін ұйымдастыруы.
- III. Таным процестері және оны қалыптастыру.
- Оқушылардың сабақ үстіндегі зейінінің түрлері. Мұғалімнің оқушылардың зейінді болуын талап етуі, нақты тапсырмаға мән беруі, көрнекі құралдарды пайдаланып, еріксіз зейінін тудыруы. Зейіннің тұрақтылығын қамтамасыз етуі. Оқушылардың өзін күштеп зейінді және зейінсіз отырғандардың саны. Бір жұмыстан екінші жұмысқа зейінін аударуы.
 - Оқушылардың қабылдауын тудыруда басты объект болған нәрселер (мұғалімнің сөзі, оқу материалы, көрнекі құралдар). Оқу материалдарын қабылдаудың сапасы.
 - Оқушылардың сабақ материалдарын есінде қалдыруына қолданатын тәсілдерде қандай ес түрлері маңызды орын алды (көрнекі-бейнелі, сөздік-мағыналы, эмоциялық, механикалық, мағыналы). Мұғалім сабақты жақсы есте қалдыру үшін қандай әдістер қолданды. Сабақта қай оқушыда ес процестерінің қандай түрі басым болды (есте сақтау, тану, қайта жаңғырту, ұмыту).
 - Ойлау белсенділігі: сабақта мұғалім ғылыми түсінікті қалай қалыптастырады, көрнекілікті қалай пайдаланады. Оның жауабында ұғымдылықтың, тауып айтудың қандай түрлерін кездестіреді? Оқушының сөйлеу жүйесі яғни, логикалық ойлаудың құрылуы және оның ерекшеліктері. Олардың тиісті мазмұннан қорытынды жасай алуы (дедукция, индукция, жорамал).
 - Творчестволық қиялының жүзеге асуы.
 - Оқушының жас ерекшеліктері сабақта ескерілді ме?
- IV. Мұғалімнің сабақтағы оқушымен қарым-қатынасы.
- Сабақтың қай кезеңінде (үйге берілген тапсырманы тексеру, жаңа материалды түсіндіру, бекіту), мұғалім оқушыларды қаншалықты дәрежеде оқу процесіне жұмылдырды (қай кезге көп көңіл бөлді).
 - Мұғалім зейіннің қамту және таралу объектілері:
 - а) сынып оқушыларына назар аудару;
 - ә) баяндап тұрған оқу материалдарының мазмұнына көңіл бөлу;
 - б) сабақтың аяқталуына қанша уақыттың қалғанын аңдау;
 - Мұғалімнің қойған бағасын оқушылар қалай қабылдады?
 - Үйге берілген тапсырманы қалай орындау керектігі жөніндегі берген нұсқаулары.
- V. Мұғалімнің сабақтағы тәрбиелік ролі.

- Мұғалімнің жеке басының тәрбиелік деңгейі мен сипаты: сыртқы келбеті, дауысы, оқушылармен қарым-қатынасы. Оқушының оған деген көзқарасы. Сабақтың эмоциялық ахуалы. Сыныптағы психологиялық көңіл күй.
- Сабақ кезіндегі мұғалімнің талабы, оқушылардың еріктілік, моральдық сапаларын қалыптастыруы (оның жауабынан, сөзінен, тәртібінен көрінуі).
- Сабақтағы әдіс-тәсілдердің тәрбиелік мәні.
- Мұғалім сабақта тыңдауды, жазуды, кітаппен жұмысты, өзін-өзі бақылауды, есеп шешу жолдарын т.б. қалай ұйымдастырды.

ҮІ. Қорытынды.

- Сабақ мақсатына жетті ме? Қандай психологиялық көрсеткіш арқылы білуге болады (ұғымды меңгеруі, зейінінің, қызығушылығын, эмоциясының т.б дамуы).
- Баланың психикасының дамуындағы сабақтың маңызы.

Тақырыбы: Қиындық туғызатын оқушылармен жұмыстың мақсат – міндеттері.

1. Оқушының жеке басын, отбасын жеке зерттеу;
2. Оқушының физиологиялық – психологиялық ерекшелігін диагностика арқылы анықтау;
3. Қиын оқушылармен ақыл – кеңес, әңгімелесу, сырласу жұмыстарын жүргізу;
4. Мектептің, сыныптың қоғамдық жұмыстарына белсенді түрде араластыру;
5. Арнайы мамандармен (дәрігерлер, психолог, заң қызметкерлерімен) кездестіру;
6. Арнайы комиссияларға апару;
7. Оқушыларға жауапты жұмыстар тапсыру;
8. Балаға ілтипатпен қарап, оның жағымды жақтарын ашуға тырысу;
9. Сабаққа қатысуын жүйелі бақылау;
10. Ата – анасымен үнемі тығыз байланыста болып, ақыл – кеңес беру.

Қиындық туғызатын оқушыны бақылау күнделігі.

- ✓ Аты – жөні
- ✓ Жасы
- ✓ Сыныбы
- ✓ Отбасы құрамы, білімі, кәсібі. Ата – анасының қызметі
- ✓ Отбасының педагогикалық жағдайына сипаттама
- ✓ Қиын оқушыға қысқаша мінездеме (білімі, тәртібі)
- ✓ Педагогикалық қиындықтарды жою жолдары
- ✓ Оқушымен, ата – анасымен жүргізілген жұмыстың нәтижелілігі: сауалнама, диагностика, бақылау, міндеттерді алу, түзету жұмыстары, нәтижесі.

Оқушыны мектепшілік есепке қоюға арналған есеп картасы
Оқушының аты – жөні, сыныбы

Туған жылы, айы, күні

Мекен – жайы, телефоны

Ата – аналары туралы мәлімет

Деректер	Анасы	Әкесі
Ата – анасының аты – жөні		
Жұмыс орны		
Қызметі		
Байланыс телефоны		

Өзара қарым – қатынас беті

1. Оқушының ұжымдағы беделі?
Басшы, беделді, елеусіз, бөлектенген, енжар.
2. Ұжымның ескертпелеріне, сындарына, талаптарына қатысы?
Жағымды, ынтамен, қинала, бей – берекет, өштесе, селқос.
3. Достары бар ма?
Тек өзінің сыныбында, сыныптан тыс, сыныпта да, сыныптан тыс та, өзімен шамаластармен, өзінен үлкендермен, өзінен кішілермен, ешкімі жоқ.
4. Мектеп шараларына қалай және кім болып қатысады?
Басшы бола алады, ұйымдастырушы, белсенді мүше, енжар орындаушы, қарсы ұйымдастырушы, қатыспайды.
5. Кімдермен кикілжіңге түседі?
Сыныптастарымен, басқа сыныптағылармен, мұғалімдермен, ата – аналармен, туысқандарымен.
6. Қандай еңбек түрін қалайды?
Ақыл – ой, дене, екеуін де, еңбек етуді ұнатпайды.
7. Өзіне деген қатынасы?
Өзіне - өзі сенімді, өзіне - өзі сенімсіз, өзіне сынап қарайды, өзін - өзі бақылайды, жетістікке ұмтылады.
8. Мәдениет дағдыларын меңгерген бе?
Қоғамда мәдениетті, шектен шығып кететін кезі болады, мәдениетсіз.
9. Ерекше жасаған әрекеттері мен тәртіп бұзушылықтары?

Қашан жасады?	Себептері	Жүргізілген шаралар, уақыты	Нәтижесі
---------------	-----------	-----------------------------	----------

Жанұямен, ата –аналарымен жұмыс.

Оқу әрекеті

Оқушының аты –жөні:

Оқушы мұғалімнің талаптарын қабылдайды ма? Пәнге қызығушылық танытады ма?

Сабақта белсенді ме? _____

Мұғалімнің сабақ түсіндіргенін тыңдайды ма?

Талаптанады ма, Сынып жұмыстарына үлгереді ме?

Берілген уақытта жұмыс істей алады ма, әлде тез ауытқып кетеді ме?

Тынымсыз немесе селқос болады ма?

Жиі шаршайды ма?

Берілген тапсырманы орындауды жоспарлап, ойланып жасайды ма, әлде бірден кіріседі ме?

Өздігінен жұмыс істей алады ма, әлде үнемі көмек керек пе?

Өз жұмысын бақылай алады ма?

Жіберген қатесін өз бетімен таба алады ма?

Қиындықты жеңе білуде қайраттылық танытады ма, әлде білім алуды тез қажетсінбейді _____ ме?

Материалдаға негізгі ойды таба алады ма? Жалпылай, қорытындылай алады ма?

Бірнеше рет қайталап, жаттап еске сақтай алады ма?

Еске сақтауы қалай?

Оқылған ережелерді қолдана алады ма? _____

Тіл дамуындағы ерекшелік (сөз қоры, сұраққа жауап беруі, мәтінді айтып беруі, тілдік кемшілігі, тілдің грамматикалық құрылымы)

Дағды мен білім жағдайы

Оқу жағдайы (саналы, дұрыс, тез, мәнерлі жазу техникасы, грамматика, сауатты жазу, арифметикалық дағды)

Қай пәннен қиналады?

Себептері?

Қандай көмек берілді? Қорытындысы қандай? Қандай уақытта?

Мұғалімнің ескертпесіне, бағалауына, мадақтауына қандай көңіл – күй (келіседі, жоқ, эмоциясын ашық көрсетеді: қуаныш, күлкі, жылау, үндемей келіседі) білдіреді? _____

Мұғалімнің, сыныптастарының көмегіне қалай қарайды?

Қандай тапсырмалар балаға керексіз, орындағысы келмейді?

Мұғалімге жиі сұрақ қояды ма?

Мектептегі жалпы мінез – құлқы?

Мектеп тәртібінің кестесін орындайды ма?

Қиындық туғызатын оқушының тәрбиелік деңгейінің диагностикасы
Оқушының аты –жөні: _____

Бағалау өлшемдері	Тәрбиелік белгілері	Баға
Эрудициясы	Білімі қанағаттанарлық, қосымша білім көздерін пайдаланбайды, сөйлеу мәдениеті, зеректілігі, тапқырлығы қанағаттанарлық.	
Ынтасы	Ұмтылыс жоқ, жауапкершілігі төмен, өзіндік әрекеттері жоқ, бірақ өзара көмекке келуге даяр, зейіні төмен.	
Еңбек сүйгіштігі	Жалпы жинақы, еңбекті жақсы көреді, еңбек қауіпсіздігін сақтайды, еңбегі өнімді, еңбек тәртібін сақтайды.	
Адамгершілілігі, саналылығы	Адамгершілігі бар, адамдық қарым – қатынасы дұрыс, мейірімді, мәдени мерекелерге баруды ұнатады, мінез – құлық ережелерін орындайды, бірақ мектеп жарғысын орындамайды.	

Табиғатқа қатынасы	Жерге, табиғатқа, өсімдікке, жануарға аялы көзқараспен қарайды.	
Эстетикалық талғамы	Сырт пішіні жинақы, таза, ұқыпты киініп жүреді, жазуы таза, әдемі.	
Өзін - өзі жетілдіру дағдылары	Өзінің мінез – құлқын реттей алмайды, уақытын тиімді пайдаланбайды, денсаулығын күтпейді, жеке бас тазалығы орташа, өзін - өзі жетілдірмейді.	
Экономикалық санасы	Экономикалық сауаттылығы төмен, қоғамдық істерге белсенді болғанымен саналы әрекет жасай алмайды.	
Азаматтық санасы	Пікірталасқа түсе аламайды, мақсат қоймайды, өз әрекетіне өзі баға бермейді.	
Құқықтық санасы	Құқықтық білімі өте төмен.	

Бақылау картасы

Оқушының аты – жөні _____ сыныбы _____

№	Бақылаудың мазмұны	Байқалмайды	Кейде	Жиі
1	Оқу – іс-әрекеті <ul style="list-style-type: none"> - Немқұрайлылық; - Оқығысы келмейді; - Оқу үлгерімі төмен; - Оқу бағдарламасын меңгеруде қиналады; - Бір немесе бірнеше пәндерден үнемі үлгерімі төмен; 			
2	Құрдастарымен қарым – қатынасы Сыныптағы жағдайы <ul style="list-style-type: none"> - Бөлек жүреді; - Өзін сыныпқа қарсы қояды; - Мінезі қиын балаларды басқарушы ретінде өзін сезінеді; Басқа балаларға қатынасы <ul style="list-style-type: none"> - Өзінен әлсіз және кіші балаларға күш көрсетеді; - Құрдастарын ұнатпайды; - Әр түрлі жастар тобына кіреді; 			
3	Бос уақытын өткізуі <ul style="list-style-type: none"> - Үйірмелер мен секцияларға қатыспайды; - Сабақтан бос уақытын үйден тыс (ауладағы достарымен) өткізеді; - Ішімдік ішеді; - Темекі шегеді; - Өмір сүруіне ақша табумен айналысады; 			
4	Еңбекке қатынасы, кәсіптік бағыттылығы Мамандық таңдау <ul style="list-style-type: none"> - Өз мүмкіндігі мен қабілетін білмейді; - Кәсіптік айқындалмаған; - Өзі таңдаған мамандығына қатысты қасиеттері дамыған; Еңбекке қатынасы <ul style="list-style-type: none"> - Еңбек етуге қарсы; - Мектепте және үйде еңбек міндеттерін 			

	<p>орындамайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жауапсыз қарайды; 			
5	<p>Үлкендермен қарым – қатынасы</p> <p>Ұстаздарымен</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бір немесе бірнеше мұғаліммен қайшылықты сипаттағы қарым – қатынаста; - Дөрекі; - Өтірік айтады; <p>Ата – анасымен</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қайшылықты мінез – құлықта; - Өтірік айтады; - Дөрекі; 			
6	<p>Мінез – құлық және әрекеттер</p> <p>Мектепте</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сабақтан қалу; - Мектеп тәртібін бұзу; - Дөрекі сөйлеу; - Мектеп мүлкін бүлдіру; - Сабақты бөлу, - Төбелесу; <p>Үйде</p> <ul style="list-style-type: none"> - Үйден қашу; - Үй міндеттерін орындамау, - Ешкімді тыңдамау; - Өтірік айту; <p>Құқыққа қарсы әрекеттер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қаңғыбастыққа салыну; - Қайыр сұрау; - Құмар ойындар ойнау; - Есірткі қолдану; - Жезөкшелікпен айналысу; - Ұрлық жасау; - Алаяқтық алдау; - Мүлікті бүлдіру; - Дене жарақатын салу (төбелесу) 			

Қиындық туғызатын оқушы _____

№	Мерзімі	Тәртіп бұзушылық	Қолданылған шара	Қорытынды

Мектептегі тәрбиесі «қиын» оқушылармен әңгімелесу

Мақсаты: Мектептегі тәрбиесі «қиын» балалардың психологиялық даму деңгейін және шығу себептерін анықтау.

1. Сынып жетекшісімен әңгімелесу.
 - осы мектеп оқушысының тәрбиесінде қандай қиындықтар бар?
 - мектеп оқушысының мектептегі және үйдегі тәртібі қандай?
 - үлгерімі;
 - оның «қиындығы» туралы қандай нақты фактілер бар?
 - осы оқушыны түзетуге қандай жұмыстар жүргізілді және ол қандай нәтиже берді?
 - осы оқушының жанұясының әлеуметтік жағдайы?
2. Мектеп оқушысымен әңгімелесу:
 - орта мектепті бітіргеннен кейін кім болғың келеді?
 - қандай оқу пәнін жақсы көресің?
 - не оқығанды ұнатасың?
 - өзіңнің жолдастарың туралы не ойлайсың?
 - сен үйдегі және мектептегі өзіңнің мінез-құлқыңа қанағаттанасыңба?
 - сенің қоғамдық жұмыстарың және оның нәтижесі?
 - сенің мектептегі және үйдегі сүйікті ісің?
 - өмірде не қызықты және не маңызды деп ойлайсың?
 - ата-анаңмен қарым-қатынасың қандай және не себепті ондай?
 - үлкендермен қарым-қатынасың қалай?
3. Оқушы туралы басқа мұғалімдермен әңгімелесу:
 - сіздің сабағыңыздағы осы оқушының үлгерімі және мінез-құлқы туралы пікіріңіз?
 - оның тәртіпсіздігін сипаттайтын жағдай және сіздің оған кеңесіңіз?
 - оның оқуға, жұмысқа қабілеттілігі, мүмкіндігі?
4. «Қиын» оқушының жолдастарымен әңгімелесу:
 - достасқандарыңызға көп болды ма?
 - сіздердің бірігіп істейтін істеріңіз, айналысатын нәрселеріңіз?
 - саған досыңның қандай әрекеті ұнайды?
 - саған досыңның қандай әрекеті ұнамайды және ол не себепті?
 - сен оған қандай көмек көрсетесің?
 - болашақтағы сіздің жоспарларыңыз?
5. Мектеп оқушысының ата-аналарымен әңгімелесу:
 - сіз өзіңіздің балаңыздың оқуы және мінез-құлқына қанағаттанасыз ба?
 - сізді оның мінез-құлқында және оқуында не қобалжытады?
 - сіз оған қандай көмек көрсетесіз?
 - күнделікті күн тәртібі және оны орындауы?
 - ол үйде не істейді? үй ішіне көмек көрсетеді ма?
 - сіз балаңызға болашақ мамандығын таңдауына қандай кеңес бересіз?
6. Оқушы туралы сынып старостасымен әңгімелесу:
 - осы оқушы туралы сіздің пікіріңіз?

- сынып ұжымында оның мінез-құлқындағы кемшіліктер нелерден көрінеді?
- сыныптас жолдастарымен қарым-қатынасы?
- сіз және сынып ұжымы оған үлгілі оқушы болуына қандай көмек көрсетесіз?
- қоғамдық тапсырмаларға оның қатынасы және сынып өміріне қатысы?

Білім беру мекемелеріндегі психологтың жұмыс жоспарына қойылатын талаптар

1. Жоспар құру барысында мыналарды ескеру қажет:

- өз жұмыс мекемесіндегі білім беретін іс-әрекет мақсаты мен міндеттерді;
- ҚР Конституциясына, «Білім туралы» заңға, «Баланың құқы туралы Конвенциясына», «Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарына және облыстық білім басқармасының бұйрығына сәйкес баланың қызығу құқықтары басымдылықтары» және т.б.

2. Жұмыс жоспарына төмендегі бағандарды енгізу қажет:

№	Жұмыстың аты	Жүргізу жағдайы	Жауапты	Уақыты	Ұсынылатын нәтиже
---	--------------	-----------------	---------	--------	-------------------

Екінші бағанда әр түрлі іс-шаралардың (жиналыс, кеңес, әңгіме, сабақ және т.б.) аттары, сондай-ақ белгілі бағыт бойынша іс-әрекеттің бағдарлама аты (мысалы, сыныпты диагностикалық тексеру немесе түзету т.б.). Егер әр бағыттың жұмысын бөлек көрсету керек болса, онда осы бағаннан бағаншаларға бөлген дұрыс. Жұмыс жоспарын апталық, айлық немесе кварталдық немесе тоқсанға есептік ретінде құрастырылады.

3. Болашақ жұмыс жоспары психологтың жұмыс мақсаты мен бағыттарын ендіріп, бір жылға жасалады.

Оқу жылына арналған мектеп психологының іс-әрекеттік жұмыс жоспары

1. Мектеп психологының іс-әрекетіне қосымша жұмыстардың мазмұны:

- бірінші сыныпқа қабылдау;
- бастауыш сыныптағы оқушылардың мектепке бейімделуі;
- орта буынға өтуі;
- орта буынға бейімделуі;
- жасөспірім дағдарысы;
- жоғары сыныпқа бейімделу.

2. Педагогикалық ұжымдармен ағарту және топтық кеңестік жұмыстарының бағыттары (семинарлар) – 1-3, 5-8 және 9-11 сыныптарының әр топқа жылына 2 семинар жоспарланып жүргізген дұрыс. Семинарларда төмендегі жұмыс бағыттары қаралуы керек:

- ағарту бағыты-пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне оқушылардың белгілі жастағы психикалық дамуындағы заңдылықтары мен ерекшеліктерін таныстыру;
- әдістемелік бағыт-пән мұғалімдерін белгілі жастағы оқушыларды оқытудың негізгі психологиялық талабын, мүмкіндіктерін таныстыру;
- әдістемелік бағыт-сынып жетекшілерін белгілі жастағы оқушылардың оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі психологиялық талабын, мүмкіндіктерін тәрбиелеу мақсатында таныстыру.

Мектеп психологының күндік жұмыс жоспары (апталық жоспардың үлгісі)

- сабаққа белгілі бір мақсатпен қатысу (сабаққа үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс);
- сынып оқушыларына психологиялық зерттеу жүргізу (оқу мотивациясы, мұғалімдерге қатынасы);
- пән мұғалімдеріне арналған топтық кеңес (жасөспірімдердің оқу мотивациясын диагностикалау мен қалыптастыру);
- белгілі бір тақырыпта дәріс өткізу;
- «қауіпті топқа» жататын оқушылардың ата-аналарымен жеке кеңестер жүргізу;
- жасөспірімдердің ата-аналарына арналған өзекті мәселелерге қатысты тақырыпта дәріс өткізу.

Педагогикалық ұжымды зерттеудегі диагностиканың маңызы

Педагогикалық ұжымды түбегейлі зерттеу үшін төмендегі көрсеткіштер бойынша мәліметтерге ие болу маңызды:

- психологиялық атмосфера;
- ұжымның даму деңгейі;
- ұжым мүшелерінің бағалары мен өзара бағасы;
- ұжымды басқару стилі;
- ұжымдағы «басшы-қарамағындағылар» қатынасы;
- ұжымдағы әлеуметтік коммуникативтік құзырлылықтың және тұлғааралық қатынастың деңгейлері;
- педагогтардың өзіндік бағалары, тартымдылық деңгейлері;
- ересектер мен балаларға қатынасы бойынша эмпатия деңгейі;
- ұжым мүшелерінің көңіл-күйі, белсенділігі;
- педагогтардың тұлғалық (қорқыныш) үрей деңгейі.

Жүргізілген психодиагностикалық зерттеулердің нәтижесі бойынша қорытынды

1. Зерттеу жүргізудің себебі;

2. Зерттеуге жоспар құру, болжам жасау, психологиялық зерттеудің әдістемелерін таңдауға негіздеу (әдістемелерді жасағандардың аты көрсетіледі);
3. Диагносттың аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, жұмыс телефоны;
4. Зерттеуді жүргізу уақыты;
5. Кесте бойынша әдістемені сипаттау:
 - мектептің аты;
 - тесттің авторы, атауы;
 - зерттелетін жұмыс;
 - нәтижеге әсер ететін факторлар.
6. Бағалау шкалаларының аттары: мысалы, вербальды емес интеллект, мағлұматтылығы, жалпы баға, есте сақтаудың көлемі және т.с.с.
7. Зерттеудің нәтижелері:
 - сандық мәліметтер, жеке немесе барлық оқушыларға кесте ретінде;
 - мәліметтердің жалпылама интерпретациясы, сандық талдау мен қорытынды.

Тестілеудің нәтижесі бойынша нұсқаулар

Тестілеудің нәтижесін есептеу кестесі

№	Тестіден өтушінің аты-жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі	Қорытынды
---	----------------------------	--	-----------

Күні

Жүргізушінің аты-жөні

Қорытынды пікір

Қолы

Психологтың кеңес журналының үлгісі

№	Күні	Жүргізу уақыты	Кеңес алушы			Келген себебі	Мәселесі	Кеңестің нәтижесі	Кеңесші
			жасы	жынысы	аты				
	1	2	3а	3ә	3б	4	5	6	7

2 бағанда кеңестің басталған және аяқталған уақыты болашақта жұмысты жоспарлауда кеңестің ерекшелігін ескеруге болады.

3б бағанынында кеңес алушы қалай өзін атайды немесе анонимдік атаумен жазу керек.

7 баған, егер бір мекемеде бірнеше психолог қызмет ететін болса, әрі бір жалпы журналға тіркелген жағдайда ғана.

Топтық жұмысты есепке алу журналының үлгісі

№	Қатысушының аты-жөні	Тренинг не сабақ тақырыбы	Кездесу күні	Қатысқанын белгілеу	Жүргізуші	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7

Жұмыстың топтық формасына жататындар:

- балалармен, ересектермен тренинг;
- балалармен түзету және дамыту сабақтары;
- семинарлар, дәрістер, практикалық және әдістемелік сабақтар;
- мұғалімдермен, оқушылармен іскерлік ойын.

Психологтың топпен жұмыс бағдарламасының кестесі

1. Психолог _____

2. Сыныпқа (топқа сипаттама):

- балаларға психологиялық мінездеме;
- осы сыныпта мұғалімдер жұмысына жалпы мінездеме;
- бағдарламаның мақсаты (балалармен немесе балалармен-мұғалімдермен-ата-аналармен жұмыстың нақты мақсаты мен міндеттері);
- әр ай бойынша бағдарламаны іске асыру кезеңдері;
- сыныптағы жұмыстың нәтижесін жоспарлауда жіберілетін эксперттік тексерулер.

Күні _____

Психологтың қолы _____

Практикалық жұмыстың нәтижелері

_____ оқу жылында _____ сыныпта төмендегі диагностикалық зерттеу жүргізілді:

Жүргізу уақыты _____

_____ тесті

зерттелетін сипаттамаға атау _____

1. Сыныпта (топта) жүргізілген топтық сабақтардың (тренинг) тізімі

Жүргізілу уақыты

Тренингтің аты

Сабақтың тақырыбы

2. Мұғалімдермен жүргізетін сабақтың тізімі (егер жоспарланса)

Жүргізілу уақыты

Тренингтің аты

Сабақтың тақырыбы

Сабақтың мақсаты

Қатысушылар

3. Балалармен жеке жұмыс формасының аты

Жұмыс нәтижелерінің тізімі (сыныппен жұмыста жалғастыру үшін түсінікті түрде жазу қажет)

Сыныппен (топпен) жұмысты жалғастыру үшін нұсқау
Келешекте осы бағдарлама мен нұсқауды жетілдіруге және оны іске
асыру тәжірибесін талдау.

Күні _____

Психологтың қолы _____

Түзету (коррекциялық) жұмысы

« ____ » _____ 20 ____

Аты-жөні (толық) _____

Білім мекемесі _____

Сыныбы (тобы) _____

Маманның пікірі (жеке түзету) _____

Баланың күшті жақтары _____

Баланың әлсіз жақтары _____

Түзете оқыту динамикасы _____

аралықта _____

Төмендегідей өзгерістер болды _____

Ұсынылды _____

Түзете – дамыту сабақтарының бағдарламасы

1. Түсініктеме (өзектілігі, бағдарламаның мақсаты, міндеттері, мазмұны).
2. Сабақтың тақырыптық жоспары

Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Жұмыс түрлері, жаттығулар (нақты түсініктемесіз)
----------	------------------------	--

3. Әдебиеттердің тізімі (топтағы қатысушылар үшін)

Жүргізуші (аты-жөні, қызметі) _____

Мәжіліс хат

Кімге _____

Зерттеу _____

Мақсат _____

Әдіс _____

Жүргізілуі _____

Нәтижесі (сандық және сапалық талдауы) _____

НҰСҚАУЛАР:

- Мұғалімдерге
 - Ата-аналарға
 - Оқушыларға
- Жүргізілген күні _____
- Қолы _____

Тақырыбы: ҰБТ-ның психологиялық жағдайына талдау

Қазіргі кезде елімізде оқушылардың мектеп бітіруі, яғни жалпы орта білім алуды аяқтауы, яғни оның бағалануы ҰБТ (ұлттық бірыңғай тестілеу) шарасы бойынша жүргізіледі. ҰБТ тек оқушының мектептен алған білім деңгейін бағалап қана қоймайды, сонымен қатар түлектердің мектептен кейінгі жоғарғы оқу орындарына (ЖОО) түсуі-түспеуінде, мемлекеттік оқу грантының иегері болуы-болмауында шешуші рөл атқарады. Оқушыларды мектепті аяқтауы ҰБТ рәсімімен аяқталады. ҰБТ-оқушылар үшін ең маңызды кезең болып табылады. Себебі, ҰБТ-оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып саналады. Бір ұпайдың жетпей қалуынан оқушылар мемлекеттік оқу грантынан, көп жағдайда ЖОО ақылы түрде оқуға түсу мүмкіндігінен айырылады. Оқушылар үшін келесі жылы оқуға қайта тапсыру ұғымы мүлде мойындалмайды, өздеріне қажетті ұпай санын жинай алмау – үлкен психологиялық дағдарыс болып табылады. Жалпы жыл аяғындағы ҰБТ-ға дайындық – көп жағдайда балаларды жағымсыз психологиялық соққыға әкелуде. Оқушылардың ҰБТ жағдайындағы жеке басының психологиялық күй-жайы оларды нашар күйзеліске, стресске әкеліп соқтыруы мүмкін. Кейде тесті жақсы, ойдағыдай орындап, қажетті ұпайын жинаған жағдайдың өзінде, жоғарғы көрсеткіш иегерлері біраз уақытқа дейін психологиялық жағымсыз күйді бастан өткізеді. Мұның себебін балалардың қарқынды дайындалуымен байланысты болатын уақыт кестесінің қысымдығымен, жеке бастарындағы уайымдауларымен, жыл бойы бастан кешірген ҰБТ-ға деген қорқыныш, үрей сезімдерімен, алынған тесттің нәтижесіне ұзақ уақытқа дейін сенбеуінен туындайтын «түсініксіз» сенімдерімен және т.б. психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіруімізге болады. Ал нәтижелері теріске шыққан оқушылардың психологиялық күй-жағдайы мүлдем нашарлайды деуге болады.

Жалпы ҰБТ жағдайына дайындық оқушылар арасында ғана емес, олардың отбасы, ата-анасы, мектепте, психолог мамандар арасында, мектеп пен жанұялық өзара қарым-қатынаста жүреді. Мұның өзі оқушылардың ішкі жағдайына теріс әсерін береді, себебі балалар өздерін үнемі бақылау астында сезінеді, кейде өзіне бағытталған үлкендер тарапынан көптеп бөлініп жатқан көңіл аударушылықты қатты сезінеді, содан «егер осыны ақтай алмасам», «ойдағы үмітті ақтай алмасам» деген ойдан туындайтын қорқыныш сезімдері де болады. Балалар көбінесе, бұрын-соңды өздеріне деген үлкен жауапкершілікті сезініп көрмеген, сондықтан өздеріне отбасы тарапынан айтылатын «балам, жақсылап дайындал» деген сияқты сөздерді жауапкершілік тұрғыдан қабылдап, алдын ала үрейлене бастайды. Тек жанұя

жағдайында ғана емес, кейде мектепте оқушылар үшін педагог мамандары тарапынан болатын «жақсылап дайындалайық!» деген сөздер де жеткілікті. Көптеген мұғалімдер өз пәні бойынша жыл бойы бос уақытын оқушыларды тестілеуге дайындау үшін жаратады, мектептер оқушылардың бос уақыттарын ҰБТ-ға әр пән бойынша дайындайтын факультативтік, яғни қосымша сабақтармен қамтып қояды, ата-аналар балалардың үйдегі бос уақытының дайындықпен өтуін қадағалап отырады, құрбы-құрдастарының барлығы дайындық пен уайым үстінде. Жеке басының психологиялық қысымға түсуінің себебі осында. Бұл жағдайды ата-аналар мен педагог мамандарына ескере жүрген жөн.

Егер оқушы жай, сабырмен, яғни айтарлықтай қысым көрмей, кейбіреуі тіпті еш дайындалмай жүргеннің өзінде-көп жағдайда, тіпті ҰБТ кезінде де психологиялық жағымсыз күй кешеді, себебі топтағы атмосфераның жалпы қысымы оқушыға беріледі. Мұны оқушылардың тыныс алу сферасындағы психологиялық климаты десек те болады. Сонымен қатар, топтың психологиясында «бір-біріне жұғу» немесе «жұқтыру» деп аталатын топтағы әлеуметтік-психологиялық құбылыс және оның орындалуы заңдылықтары бар. Бұл жерде сынып ұжымындағы жекелеген оқушылардың жағымсыз психологиялық әсерлері мен күйлерінің бір-біріне санасыз түрде (бейсаналық) жұғуын мысал ретінде келтіруге болады. Яғни жалпы педагогикалық процестегі жүріп жатқан дайындық шаралары оқушылар тобына психологиялық (тікелей немесе жанама) әсерін тигізбей қоймайды. Мысалы, белгілі бір оқушының психологиялық күйі, дайындығы, емтиханда өз-өзін ұстауы қалыпты болуы мүмкін. Бірақ тестілеу кезінде топтың атмосферасындағы психологиялық қысымы оқушылар арасында бір-біріне алмасадy, әлгі баланың да ішкі күй-жағдайының бұзылуы әбден мүмкін – ау. Сондықтан, оқушыларды кез келген жағымсыз психологиялық жағдайға қарсы тұруға, бұл жағдаяттарда өздерін ұстай білуге үйретудің маңызы зор.

11-сынып оқушыларының жас ерекшелік психологиясын ескеретін болсақ, осы кезеңде оқушының бойында өзіндік сана, өзіндік «Мен деген» бейне қалыптасады, өзін және айналасындағы қатарластарын, олардың әрқайсысының мәртебесін, алатын орнын, беделін сезіне бастайды. Кей жағдайларда бәсекелестік те байқалады, бұл ҰБТ жағдайы үшін кері және ауыр жағдаят, өйткені құрбы-құрдастарының қатарынан аз ұпай жинап қалып қою, оқуға қатарларынан қалып түсе алмай қалуы, өзінің бәсекелес құрбысының бар болғаны бір немесе бірнеше ұпай артық жинауы, 11 жыл бойы сабағы үштік «3» баға деңгейінде келген сыныптасының бірыңғай тестен кездейсоқ «5» алып, жоғары ұпай жинап қалуы, осы кезде тек жақсы оқып, «қызыл аттестат», «Алтын белгі» алуға үміткер болып отырған өзінің төмен ұпай жинап қалуы-оқушыны ең ауыр психологиялық дағдарысқа алып келеді. Өз-өзін құрбы-құрдастарының алдында «ұят» сезімінде қалғандай сезінеді; «Мен» сезімі шиеленеді; ішкі психологиясында өз-өзімен ішкі кикілжің пайда болады; күтілген нәтижеден төмен баға алып, қалған жағдайларда балалар, көбінесе өз достарын көруден де бас тартады, қиын және қауіпті жағдайға тап болады. Осы жағдайларды ескерудің маңызы зор.

ҰБТ тапсыруға қалай дайындалу қажет

- ✓ Ең алдымен дайындық жасайтын қолайлы жер даярла: үстелден керексіз заттарды алып таста, кітаптарыңды, дәптер, қағаз, қарандаштарыңды, т.б. өзіңе қолайлы етіп орналастыр.
- ✓ Бөлме интерьеріне сары мен күлгін түстерді көптеп енгізуге болады, себебі бұл түстер ақыл-ой белсенділігін арттырады. Бұл үшін осы түстегі қандай да бір суретті іліп қою жеткілікті.
- ✓ Дайындық жоспарын жаса. Ең алдымен өзіңнің кім екеніңді анықта – «жапалақсың» ба, әлде «боз торғайсың» ба? Әрі соған қарай таңертең немесе кешке қарай көп жұмыс істей алатыныңды білесің. Әр күнге арнап айқын жоспар құрғанда дәл сол күні нені оқып білетініңді айқында. Жалпы «шамалы дайындаламын» емес, тақырыптар мен бөлімдерді айқын белгіле.
- ✓ Өзіңнің ең нашар білетін қиын тақырыбыңнан баста. Ал егер олай саған қиын болса, өзіңе қызықты әрі түсініктісінен баста. Мүмкін осылайша сен жұмыс ырғағына тез еніп кетерсің.
- ✓ Дайындық пен дем алуды кезектестіріп тұр, айталық 40 минут дайындық, 10 минут үзіліс. Үзіліс уақытында ыдыс жуып, гүл суаруға немесе душқа түсіп не сергіту жаттығуларын жасауға болады. Кітаптың ішіндегісінің барлығын жаттап алуға тырысудың керегі жоқ. Оқылған материалды қорыту үшін қағазға кесте, сызбалар жасап қоюға болады. Мұндай жоспарлар оқылған материалды тез қайталап, еске түсіруге пайдалы.
- ✓ Бір пән бойынша неғұрлым әр түрлі тесттер қарастырып, өзіңді тексеруің керек. Бұл дайындық сені тестінің әр түрлі құрылымымен таныстырады.
- ✓ Қолыңа секундомер алып, тестілеуге кететін уақытты есепте.
- ✓ Дайындық кезінде ешқашан тестіні орындай алмаймын деп ойлама, керісінше ойша өз жеңісіңді суретте. Бір күніңді барлығын қайталап, өзіңе қиын деген тақырыпты қайталап оқуыңа қалдыр.
- ✓ ҰБТ қарсаңында көбісі ҰБТ-ға толық дайындалу үшін ҰБТ алдындағы соңғы бір күннің жетпей қалатындығын айтады. Бұл дұрыс емес. Сен шаршадың, өзіңді одан әрі қажытуың керек емес. Керісінше демал, душқа түс, қыдыр. «Күресуге» дайын болатындай, өзіңді дені сау, сергек сезінетіндей ұйқыңды қандырып алғаның дұрыс. Себебі тестілеу-ол да бір өзіңнің қабілетіңді, мүмкіндігіңді көрсететін өзінше күрес емес пе. ҰБТ болатын орталыққа жарты сағатқа ертерек келуге тырыс. Өзіңмен бірге төлқұжатыңды, рұқсатнаманды, бірнеше қара сиялы қаламыңды алуды ұмытпа.
- ✓ Сонымен, дайындық кезеңі арта қалды, өзіңді тепе-теңдікке түсіру үшін бір-екі минутыңды аяма. Демал, тыныштан.
- ✓ Ден қой! Тестілеудің бастапқы бөлімін толтырған соң (бланк толтыру), өзіңе түсініксіз нәрселердің басын ашып алған соң, айналандағыларды

ұмытуға тырыс. Сені тест тапсырмалары мен тестке берілген уақыт қана қызықтыруы тиіс.

- ✓ Асықпай тездет! Берілген уақыттың тар шеңбері сенің жауаптарыңның сапасына әсер етпеуі тиіс. Сұраққа жауап берер алдында сұрақты екі рет оқып шығып, нені сұрап тұрғанын толық түсінгеніңе көз жеткіз.
- ✓ Оңайынан баста! Көп ойлануды талап ететін сұрақтарға тоқтамай, өзің жақсы білетін, оңайларынан бастағаның жөн. Сен қобалжудан арылғанда, басыңның ауырғаны да қойып, жұмыс ырғағына енесің. Жүйке жүйесінің мазалауынан арылып, барлық энергияңды қиын сұрақтарға сақтайсың.
- ✓ Қалдырып кет! Қиын әрі түсініксіз сұрақтарды қалдырып кетуді үйрену керек. Есінде сақта: мәтінде міндетті түрде сен жауап бере алатын сұрағың табылады.
- ✓ Сұрақты соңына дейін оқы! Асығыстық тапсырманы «алғашқы сөздерінен» түсініп, соңын өзіңнің ойыңша аяқтауыңа алып келуіне тиісті емес. Бұл оңай сұрақтан қате жіберуге алып келетін жол.
- ✓ Алдындағы тапсырма туралы ғана ойлан! Жаңа тапсырмаға келгенде алдындағысын ұмыт. Тестідегі тапсырмалар бір-бірімен байланысты емес, сондықтан алдындағы тапсырмада қолданған білімің келесісін орындауға көмектеспейді, керісінше бөгет болады. Бұл кеңес екінші жағы да бар, мысалы алдыңғы сұрақты білмесең, келесі сұраққа жауапты міндетті түрде білем деген сенімділік береді. Әр жаңа тапсырма – балл жинауға жаңа мүмкіндік деп қарағаның дұрыс.
- ✓ Кейбір тапсырмалар өз нұсқаларының ішіндегі бұрыс жауаптарын тапсаң да дұрыс жауапты табуға болатындығымен ерекшеленеді, аталған әдіс – бірден бес нұсқа туралы емес, айталық, екі жауап төңірегінде ойлануға мүмкіндік береді.
- ✓ Екі айналым жоспарла! Берілген уақыт шамаланып қалғанда жауаптарыңды бір қарап шығуға («бірінші айналым»), алғашында қиын болып көрінген тастап кеткен сұрақтарыңа тағы бір оралуыңа («екінші айналым») уақыт қалдыруыңды есептеуің керек.
- ✓ Тексер! Тапсырмаларға жауаптарыңды қайта тексеруге, ең болмаса көз жүгіртіп өтуге уақыт қалдыр.
- ✓ Болжа! Егер сен дұрыс жауапты білмесең, интуицияңа сенуіңе болады. Онда да ең дұрысқа жақын болуы тиіс деген нұсқасын таңдауға тырыс.
- ✓ Көңіліңді түсірме! Барлық тапсырманы орындауға тырыс, бірақ тәжірибе бойынша бұл мүмкін емес екендігін естен шығарма. Тест тапсырмалары ең қиын дәрежеге есептелген, және сен орындаған тапсырмалар жақсы деп бағалануы әбден мүмкін. Сәттілік тілейміз!

Л.Вассерманның невротизация деңгейін анықтауға арналған диагностикасы

Мақсаты: невротизация деңгейін анықтау.

Құрал: Сұрақ қағазы, жауап беретін бланк, қылқалам.

Нұсқау: «Төменде берілген пікірлермен және жағдайлармен танысып, «ия» немесе «жоқ» деген жауапты таңдап отырыңыз».

1. Мен денемнің кейбір бөлектерінде күйдіруді, шаншуды, дене бойым түршігуді, сілеюді сезінемін.
2. Мен сирек булығымын және менде жүректің қатты дүрсілдеуі болмайды.
3. Мен аптада бір рет немесе одан да жиі қозушылықта немесе ашуланған жағдайда боламын.
4. Менің басым жиі ауырады.
5. Аптасына 2-3 рет мені түнде бастырылу азап етеді.
6. Соңғы кезде мен өзімді өте жаман сезінемін.
7. Менде күнде бірдеме болып қалады, ол мені шошытады.
8. Абыржыған кезде мен ұйқыдан айырыламын.
9. Әдетте жұмыс маған үлкен күшке түседі.
10. Кейде қатты толқыған жағдайда мен ұйқымнан айырыламын.
11. Мен көбінесе өмірге қанағаттанбаймын.
12. Мені әрқашанда бір нәрсе қобалжытады.
13. Мен өзімнің таныстарыммен және жолдастарыммен сирек кездесуге тырысамын.
14. Маған өмір әр уақытта аса шиеленісумен байланысты.
15. Маған қандай болса да есепке немесе жұмысқа қадала көңіл аудару қиынға түседі.
16. Бір күннің ішінде мен өте шаршаймын.
17. Мен болашаққа сенемін
18. Мен жиі көңілсіз ойға салынамын.
19. Күнделікке қарағанда, кейбір кезде, менің басымның жұмыс істеуі баяулайды.
20. Маған ең қиын күрес – ол өзіммен күресу.
21. Мен әрқашанда біреу үшін немесе бір нәрсе үшін мазасызданамын.
22. Менің өзіме сенімділігім төмен.
23. Мен өзіме сенбейтінімді жиі сезінемін.
24. Аптасына бірнеше рет, құрсақтың үстіңгі жағында, менім мазамды кетіретін, жағымсыз сезім пайда болады.
25. Кей кезде менің алдымда үлкен шеше алмайтын қиындықтар туатын сияқты.
26. Аптасына бір рет немесе одан жиі мен себепсіз, аяқ астынан бүкіл денемде пайда болған қызуды сезінемін.
27. Мен кейбір уақытта өзіме соншалық көп жауапкершілікті аламын, сонымен өзімді әурелеймін.
28. Мен өзімнің киінгеніме өте ұқыпты қараймын.
29. Соңғы кезде менің көзімнің көруі нашарлап кетті.
30. Адам арасындағы қарым-қатынаста көбінесе әділетсіздік жеңіп шығады.
31. Мен қатты мазасызданған кезде бір орында отыра алмаймын.
32. Мүмкіндік болған кезде мен рақаттанып билеймін.

33. Көп адам жиналған жерден мен мүмкіндігім жеткенше қашақтауға тырысамын.
34. Мені менің асқазаным өте мазалайды.
35. Кейбір кезде мен түкке тұрмайтын нәрселерді уайымдайтынымды мойындаймын.
36. Өзімнің ашуланшақ және күңкілдек болғанымға өзім жиі ренжимін.
37. Аптасына бірнеше рет маған қорқынышты бір нәрсе болып қалу мүмкін деген сезім келеді.
38. Мені менің жақындарым дұрыс түсінбейтін болса керек.
39. Менде жиі жүрегімде немесе кеудемде ауру сезімі пайда болады.
40. Қонақта мен әдетте шетте отырамын немесе тек қана бір адаммен сөйлесемін.

Табысқа жету қажеттілігі

Нұсқау: Берілген жағдайларды көз алдына елестет және ойланбай тез, бірден ойыңа келген жауапты ата. «Ия» немесе «Жоқ» жауаптарды жауап беретін қағаздың сәйкес келетін бөлігіне жаз.

Жауап беретін қағаз:

Сұрақтың №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Ия											
Жоқ											
Сұрақтың №	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22
Ия											
Жоқ											

Сұрақтар:

1. Өмірде табыс алдын-артын болжағандықтан гөрі кездейсоқ жағдайға байланысты болады.
2. Егер мен өзіме ұнайтын жұмыстан айырылсам, онда мен үшін өмірдің мағынасы жойылады.
3. Маған қандай болса істің ақырғы нәтижесінен гөрі оның орындалуы қажетті.
4. Менің ойымша адамның көпшілігі жақындарының арасындағы жаман қарым-қатынастан гөрі жұмыстағы сәтсіздіктен азап шегеді.
5. Менің ойымша, адамның көпшілігі, жақын арадағы мақсаттармен емес, алыс мақсаттармен өмір сүреді.
6. Менің өмірімде сәтсіздіктен гөрі жетістіктер көбірек.
7. Маған жігерлі адамнан гөрі эмоциональды адамдар көбірек ұнайды.
8. Тіпті әдеттегі жұмыста да мен оның кейбір элементтеріне жаңалық енгізуге тырысамын.
9. Жетістіктер туралы ойлар мені толық тартып әкеткен кезде, мен сақтық шараларды ұмытып кетуім мүмкін.
10. Мені ата-анам бала кезімде жалқау деп санаған.

11. Менің бақытсыз болуыма өзімнен гөрі жағдайлар айыпты деп ойлаймын.
12. Мені ата-анам тым қатан бақылауға ұстаған.
13. Менде қабілетке қарағанда, шыдамдылық көбірек.
14. Өзімнің ниетімнен бас тартуым, табысқа жетуіме күмәнданудан емес, жалқаулығыма байланысты.
15. Мен өзімді өз күшіме сенетін адаммын деп ойлаймын.
16. Табысқа жету үшін мен қауіп-қатерлі жағдайға түсуім мүмкін.
17. Мен ынтасыз адаммын.
18. Бәрі таныс болғанда менім энергиям күшейеді.
19. Егер мен тілші болсам, онда мен саяхатшылардан гөрі адамдардың жаңа өнер табыстары туралы жазар едім.
20. Менің жақындарым көбіне менің жоспарларымды қолдамайды.
21. Менің өмірге қоятын талаптарым, менің достарымның талаптарынан төмен.
22. Менің ойымша менде қабілеттіктен гөрі қайсарлық көбірек.

Нәтижені өңдеу.

1 ұпайдан қосыңдар.

1. № 2,6,7,8,14,16,18,19,21,22 сұрақтарда «Ия» деген жауапқа;

2. № 1,3,4,5,9,10,11,12,13,15,17,20 сұрақтарда «Жоқ» деген жауапқа;

Табысқа жету қажеттілігінің көрсеткіші ұпайдың жалпы қосындысы болып саналады. Оның шамасы 2-22 ұпайдың арасында жатады.

1. ТК < 10 Сіз алдыңызға жеңіл мақсатты қоюды артық көресіз, жиі өзіңіздің жай-күйіңізбен қанағаттанасыз, жұмысқа қызыға ынталанбайсыз. Әдетте жұмыс істегенде оны жақсартсам деп ойламайсыз.

2. ТК = 10-12 Бұл типке жататын адамдар нақты, тек өте қиын емес мақсаттарды алдына қоюды артық көреді. Мұндай адамдардың тілегі тек практикалық істермен байланысты. Жиі өзінің жай-күйімен қанағаттанады. Жұмыс істеген кезде, оны бұрынғы істеген жұмысқа қарағанда, жақсырақ істеймін деп ұмтылмайды. Жұмыстағы сәтсіздікті мазасызданбай басынан өткізеді.

3. ТК = 13-14 Сіз өзіңізге сын көзбен қарайсыз. Сондықтан сіз алдыңызға қиын мақсат қоясыз және оны орындауға тырысасыз. Кейбір істеген жұмыстарыңыз сізге ұнамайды. Қайда болса да, жұмыс істегенде сіз табысқа жетуге тырысасыз, әсіресе жарыстастық болса. Тек көмектен де бас тартпайсыз.

4. ТК = 15-16 Сіз өзіңіздің мүмкіншілігіңізді жоғары бағалайсыз, сондықтан алдыңызға қиын мақсаттарды қоясыз және оған жетуде қайсарлық мінезіңізді көрсетесіз. Жеткен жетістікпен қанағаттанбайсыз. Істеген жұмысты одан да жақсартуға тырысасыз. Жұмысты беріліп істейсіз. Істеген жұмысыңызға жаңалық енгізуге тырысасыз.

5. ТК > 17 Сіз ер мінездісіз. Сіз мақсатқа жетуде қайсарлық білдіресіз. Жеткен табысқа қанағаттанбайсыз. Әр уақытта істеген жұмысты жақсартуға тырысасыз. Жұмыспен өте қатты әуестенесіз және табыс рахаттылығын

бастан өткізуге әуессіз. Қандай болса да жұмысқа шығармашылық және қуатты оймен кірісесіз. Жолдастарыңыздың жетістіктеріне олармен бірге қуанасыз. Жеңіл табысқа қанағаттанбайсыз.

Э. Ховард бойынша стресске төзімділік

№	Стрес саған қалай әсер етеді ?	жәй	кейде	сирек
1	Мен тез ренжимін	3	2	1
2	Ұтылғанға шыдай алмаймын	3	2	1
3	Егер біреу мені ренжітсе ызаланамын, бірақ сезімді ешкімге көрсетпеймін	3	2	1
4	Кезекке тұрғанға шыдай алмаймын	3	2	1
5	Қиналсам да, өзіме жауапкершілікті көп аламын.	3	2	1
6	Біреуден көмек сұрауға көп жағдайда қиналамын	3	2	1
7	Өз-өзімді басу үшін дәріге көп жүгіремін	3	2	1
8	Мәселені шешу үшін сенімді жолдастарыма шағынамын	1	2	3
9	Қателік жасасам кешірім сұрау маған қиын	3	2	1
10	Қателік жасасам, өзімді кінәлап, қатты уайымдаймын	3	2	1
11	Егер менің намысыма тиетіндер болса мен оларға жауап беруге тырысамын	1	2	3
12	Достарымнан алғанымнан гөрі бергенім көп деп есептеймін	3	2	1
13	Демалу үшін мен уақыт бөлемін және одан шын қуаныш аламын	1	2	3
14	Мен күнделікті дене шынықтыру жаттығуларына уақыт табамын	1	2	3
15	Мен жиі күлемін және қуанамын	1	2	3

Енді бәрін қос та, қандай топқа жататыныңды қара:

I топ: 15-25 ұпай: стресске шамалы ұшырайсың

II топ: 26-36 ұпай: стресске орташа ұшырайсың

III топ: 36-45 ұпай: стресске жиі ұшырайсың.

С.Спилбергер бойынша өзін-өзі бағалаудың тұлғалық шкаласы

Бұл әдіс стресске тұлғаның жеке сезгіштігі ретінде алаңдау деңгейін анықтауға және тұлғаның көп жағдайда қорқу, қауіптену жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

Сыналушыға ескерту: Төмендегі сөйлемдерді зейін қоя оқып, оң жағындағы тиісті цифрларды сызыңыз. Жауап беруге көп ойланбаңыз, себебі дұрыс не бұрыс жауап болмайды.

№	Сөйлемдер	ешқашанд а	кейде	жиі	ұдайы
1	Мен қанағаттанғанымды сезінемін	1	2	3	4
2	Мен тез шаршаймын	1	2	3	4
3	Мен оңай жылап жіберемін	1	2	3	4

4	Мен басқалар сияқты бақытты болғым келеді	1	2	3	4
5	Мен кейде тез шешім қабылдай алмағандықтан жеңіліп қаламын	1	2	3	4
6	Мен өзімді сергек сезінемін	1	2	3	4
7	Мен салмақты, салқын қанды, жинақы сезінемін	1	2	3	4
8	Қиыншылықты күту мені өте алаңдатады	1	2	3	4
9	Мен кейбір ұсақ-түйекке күйзелемін	1	2	3	4
10	Мен өзімді бақытты сезінемін	1	2	3	4
11	Мен бәрін де жүрекке жақын қабылдаймын	1	2	3	4
12	Маған өзіме деген сенімділік жетпейді	1	2	3	4
13	Мен өзімді қауіпсіз жағдайдамын деп сезінемін	1	2	3	4
14	Мен қиыншылықтар мен қысылтаяқ жағдайлардан қашамын	1	2	3	4
15	Менде жабырқау сәттер болады	1	2	3	4
16	Мен риза боламын	1	2	3	4
17	Барлық ұсақ-түйектер мені алаңдатады және ойландырады	1	2	3	4
18	Мен көңілім түңілген нәрсеге көп алаңдаймын. Ол туралы тіпті ұмыта алмаймын	1	2	3	4
19	Мен салмақты адаммын	1	2	3	4
20	Мен өзімнің жұмыстарым туралы ойласам күшті мазаланамын	1	2	3	4

Сұрақтар екі кіші шкаладан тұрады: Тұлғаның қасиеті және эмоциялық жағдайы ретінде алаңдауын өлшеу.

Нәтижелерін есептеу: 2,3,4,5,8,9,11,12,14,15,17,18,20 сұрақтары жауабының қосындысынан 1,6,7,10,13,16,19 сұрақтары жауабының қосындысын алып таста. Оған 35 санын қос. Егер Спилбергердің шкаласы бойынша көрсеткіштің қосындысы:

- ✓ 30 ұпайға дейін болса – алаңдаудың төменгі деңгейі;
- ✓ 30 - дан 45 – орташа;
- ✓ 45- тен көп болса – алаңдаудың жоғарғы деңгейі.

Алаңдаушылық деңгейі жоғарғы сыналудың ерекше назар аударған дұрыс, оған психологиялық көмек жүйесін құру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру керек.

Солақай балаларды анықтау

Солақайлық-баланың оқу мен тәрбие үрдісінде ерекше ескеретін маңызды жеке бас ерекшелігінің бірі. Ол ауру да, кемістік те емес. Солақайлық мидың жарты шарларының негізгі қызметінің арасындағы бөлісу ерекшелігіне байланысты болып келеді. Солақайлардың ми қызметінің өзіндік ерекшелігі бар. Оларда мәліметті електен өткізу, әр ұсақ бөлшегіне мән беру, ауызша қабылдау жақсы болғанымен, көру арқылы тапсырманы орындауы нашар болады. Солақай балалардың өте қызуқанды болып келуі мектепке бейімделуіне айтарлықтай кедергі келтіреді. Басқа құрбыларына қарағанда, солақай балалардың мектепке үйренуі әлдеқайда баяу жүреді әрі ауыр қабылдайды.

Баланың қол қызметіне арналған түрлі сынақтарды жүргізуге болады. Мысалы, саусақтарды шырмалау тестісі, «қол соғу» тестісі, қолды

кеуденің үстіне айқастырып қою немесе «Наполеон кейпінде» тестісі. Қол соғу кезінде «оңқайлардың» оң қолы жоғары тұрады. «Наполеон кейпінде» тестісі бойынша бала қолын кеудесінің үстіне айқастырып қойғанда оң қолын үнемі үстінде ұстайтыны байқалады.

Балалармен жұмыс тәжірибесінде қолға байланысты әр түрлі жаттығулар кеңінен қолданылады. Мысалы, балаға гүлге су құю, нан кесу, тіс щеткасын, қайшыны ұстау т.б. әрекеттерді көрсету ұсынылады.

Тестінің ішіне ойын тапсырмаларын да кіргізуге болады: сол және оң қолмен сурет салу, жәшікті ашу, суретті қайшымен қию, тесіктерді бекіту т.б. Әр тапсырма бойынша сол және оң қолдың белсенділігі бағаланады. Осы бағалаудың негізінде бір қолдың басымдылығы анықталады, жазуға үйретуге қай қолдың ыңғайлы екені туралы ұсыныс жасалады.

Солақай бала деп «сол қол» кестесі бойынша қосулары көп баланы атаймыз. Егер мұндай балалар жазуға үйрену кезінде қаламды сол қолына алып ыңғайланса, одан «оң қолмен жаз» деп талап етудің қажеті жоқ. Кейде бала «оң қол» кестесі бойынша қосуларды көп алса да, бірақ суретті оң қолға қарағанда сол қолмен жақсы салса, онда оң қолмен жазуға итермелеу, талап ету керек емес (егер бала өзі сол қолмен жазуға талпынған жағдайда).

Баланың бір қолының басымдылығын анықтау мектептегі оқу жүйесіне енген кезде қиындықтардың алдын-алу мен баланың табиғи мүмкіндіктерін толық пайдалану зор маңызға ие болады.

Баланы солақайлықтан оң қолмен жазуға үйрету кезінде оның жеке физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаның бейімделу мүмкіндіктері мен баланың өз санасына қондырғы беруіне аса назар аудару керек. Сонымен бірге диагностика нәтижелері бойынша сол қолды басқаратын оң жақ жарты шарға сәйкес келетін барлық белгілерді: көз, қол, төменгі бөліктің басымдылықтарын ескеруді керек етеді.

Солақай баланың әрекетінде оның таным аумағының ерекшелігі мынадай болып келуі мүмкін:

1. Көру-қозғалыс үйлесімі қабілетінің төмендеуі: балалар графикалық бейнелеу тапсырмаларын өте төмен деңгейде орындайды, әсіресе оның орындалу ретін сақтамайды; бір қатарды оқу, бір жолға жазуда қиналады, жазуы нашар.
2. Кеңістікті қабылдауы мен көргенін есте сақтауы жеткіліксіз; графикалық кескінді бейнелеу кезінде денелердің пропорциясы мен формаларын бұрмалау жиі байқалады; әріптерді жазу кезінде тастап кету немесе басқаша алмастыру, жазылуы ұқсас әріптерді шатастыру, оң, солын ажырата алмау, кеңістіктегі заттардың орналасуын анықтауда қателесу (алды-арты, асты-үсті т.б.).
3. Ақпараттарды қорытудағы ерекше стратегия, танудың сараптамалық стилі: солақайларға материалдардың әрбір құрамдас бөлігімен жұмыс істеу тән. Оларды жеке-жеке қарастырып, жан-жақты талдаудың негізінде іс-әрекет нысаны туралы толықтүсінік қалыптасады. Бұл солақайлардың жұмыс істеуіндегі баяулығымен түсіндіріледі, өйткені

олардың толық қабылдауы мен жете түсінуі үшін материалды кезеңдеп өңдейді.

4. Зейіннің әлсіздігі, зейінді аудару мен бір нүктеге шоғырландырудағы қиындықтарға тап болуы.
5. Сөйлеу тілінің бұзылуы. Дыбыстық-әріптік талдауда қателесу. Солақай балалар жоғары сезімталдығымен, жанына жақын қабылдау, мазасыздық, ашуланшақтық пен тез өкпелеу сияқты қасиеттерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар мұндай балаларда жұмысқа қабілеттілігі төмендеп, қалжырап шаршау жиі байқалады.

Оқушының өзімшілдік және ұжымшылдық қасиеттерін анықтау әдістемесі

Бұл әдістемені орта буындағы сыныптарда қолдануға болады. Әдістеме бақылау жұмысы үлгісінде жүргізілетін 4 бөлімді тәжірибеден тұрады.

Бірінші бөлімде (мұғалімдер шартты түрде «өзім үшін» деп атайды) әдеттегі бақылау жұмыстары үлгісінде жүргізіледі, оқушыларға бағаның журналға қойылатыны туралы алдын-ала ескертіледі. Бұл бөлімде баланың өзі үшін қаншалықты күшін салып жұмыс істейтіні салыстырмалы түрде анықталады.

Екінші бөлім (шартты атауы «ұжым үшін») 5-7 күннен кейін жүргізіледі. Бақылау жұмысының күрделілік деңгейі алдындағы бөлімдегі бақылау жұмысына ұқсас, ерекшелігі-журналға ешқандай баға қойылмайтыны туралы алдын-ала ескертіледі. Бірақ жұмыстың нәтижесі бойынша ортақ үлгерім ұпай шығарылып, басқа сыныппен салыстырылатыны айтылады. Салыстыру басқа сыныппен жарыс түрінде өткізіледі.

Үшінші бөлім (шартты атауы «өзім және ұжым үшін») бойыншы бақылау жұмысының деңгейі шамалас екі нұсқасы беріледі. Бұл екі нұсқаның біреуінің бағасы журналға қойылады да, екіншісі үлгерім бойынша ортақ ұпайға кіретіндігі ескертіледі. Оқушылар өз қалауларымен жұмысты таңдап алады.

Төртінші бөлім жеке және ұжымдық қызығушылықтарды одан да терең текетіреске әкеледі. Таңдауға төрт тапсырма беріледі: екеуі күрделірек. Күрделі тапсырманы орындаса «бес» алатыны туралы оқушыларға ескертіледі. Тапсырманы орындап болғаннан кейін оқушылар қай тапсырманы «орташа ұпай» беретін тапсырмалардың қатарына жатқызса, соны айналдырып белгілеу керек (бұл жағдайда журналға баға қойылмайды).

Талдап қорыту барысында бірінші бөлімдегі жұмыстың орындалу деңгейі есепке алынады. Бұл деңгейдің төмендеуі мен көтерілуі немесе тұрақтылығы екінші бөлімде. «Өзің үшін» немесе «ұжым үшін» деген тапсырмаларды таңдау үшінші бөлімде. Төртінші бөлімде оқушы қай тапсырмаларды «аса құнды» немесе «құнсыз» деп бағалайтыны есепке алынады. Осы төрт бөлім бойынша оқушының мінез-құлқын салыстыру қорытындысы, оның сынып ұжымына деген қарым-қатынасын, жеке басы мен ұжымға деген ұстанымын көрсетеді.

Баланың пәнге деген негізгі қызығушылығын ояту көбінесе, оқытуға байланысты болса, кері көзқарас негізінен оқу пәнін меңгерудегі қиындықтарға байланысты болады.

Оқушының оқу пәніне деген көзқарасын анықтауда қызығушылықтарын салыстыру мұғалімге бала туралы маңызды мәлімет береді. Сауалнама оқушының оқу-тәрбиедегі қызығушылықтарын танып, білуде қолдануға оңтайлы, сондай-ақ оқуға деген жалпы оң және кері қарым-қатынастарының қызығушылығын анықтайды.

Жасөспірімдердің оқуға деген қызығушылығын анықтайтын сауалнама

Мақсаты-оқушылардың оқу әрекетіндегі басты қызығушылықтарын анықтау.

Мектептегі оқуға деген өзіннің қызығушылықтарыңды көрсет. Өз таңдауыңның астын сыз.

Менің мектепте оқу себебім:

1. Қызықты болғандықтан.
2. Ақылды және парасатты болғым келеді.
3. Ата-анам талап етеді.
4. Кейін өмірде өз орныңды табуға жеңіл болады.
5. Қазір барлығы оқиды, сол себепті мен де оқимын.
6. Мұғалім ұнайды.
7. Оқу, оқуға түсу-мәртебе.
8. Сауатты болғым келеді.
9. Өз Отаныма пайдалы азамат болғым келеді.
10. Ой-өрісімді кеңейткім келеді.
11. Жақсы баға алу ұнайды.
12. Толық және терең білімге қол жеткізгім келеді.
13. Өз бетімше жұмыс істеуге үйренгім келеді.
14. Бұл менің парызым.

Берілген мәліметтерді қорыту кестесі Оқу әрекетіндегі қызығушылық

Сыныптар	Оқушылардың саны	Жай ғана қызықты	Ақылды болғым келеді	Ата-анам талап етеді	Өмір сүруге жеңіл болады	Барлығы оқиды	Оқу ұнайды	Оқу алдыңғы қатарда	Сауатты болғым келеді	Пайдалы азамат боламын	Ой дүниемді кеңейткім келеді	Жақсы баға алғым келеді	Жақсы білімге қол жеткізгім келеді	Өз бетінше жұмыс істеуге үйренемін	Менің парызым
Қорытынды %		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	

Сауалнама бойынша қорытынды оқушылардың қызығушылықтарының негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушының оқу пәндеріне деген қарым-қатынасы мен қызығушылығын зерттеуге арналған сауалнама

Сауалнаманы бесінші сыныптан бастап қолдануға болады. Оқушылар оқу пәніне деген оң ықпал мен кері әсер ететін қызығушылықтар жазылған парақтарды алады.

Нұсқау:

1. Көрсетілген пәндердің ішінен өзің ерекше жақсы көретін және ұнатпайтын пәндерді ата.
2. Пәнге деген өзіңнің қарым-қатынасыңның себептерінің астын сыз.

Жетпей тұрған пәндерді жазып қой. Сұрақтар:

1. Биыл сен мына пәндерді оқисың (орыс тілі, қазақ тілі, әдебиет, математика, тарих, география, информатика, ағылшын тілі, физика, биология, химия, дене тәрбиесі т.б.). Өзіңе ерекше қызығушылық тудыратын пәндердің астын сыз.

Өзіңнің пәнге деген қарым-қатынасыңның себептерінің астын сызып көрсет. Жетпей тұрған пәндерді жазып қой.

Пәнді жақсы көретін сеbebім	Пәнді жақсы көрмейтін сеbebім
1. Аталмыш пән өте қызықты.	Аталмыш пән қызықсыз.
2. Мұғалімнің сабақты беру әдістемесі ұнайды.	Мұғалімнің пәнді беруі ұнамайды.
3. Пәнді барлығы білуі керек.	Пәнді барлығының білуі қажет емес.
4. Пән болашақ жұмысыма қажет.	Пән болашақ жұмысыма қажет емес.
5. Меңгеруге жеңіл.	Меңгеруге қиын
6. Ойландырады.	Ойландырмайды.
7. Пән пайдалы деп есептелінеді.	Пән пайдасыз деп саналады.
8. Байқағыштық пен зеректікті талап етеді.	Байқағыштық пен зеректікті талап етпейді.
9. Шыдамдылықты қажет етеді.	Шыдамдылықты қажет етпейді.
10. Пәннің қызықтылығы.	Пән қызықсыз.
11. Кейбір фактілері қызықты.	Тек қана кейбір фактілері қызықты.
12. Досым да осы пәнді ұнатады.	Досым осы пәнді ұнатпайды.
13. Ата-анам осы пәнді қажет деп санайды.	Ата-анам осы пәнді маңызды деп санамайды.
14. Мұғаліммен қарым-қатынасым жақсы.	Мұғаліммен қарым-қатынасым жаман.
15. Мұғалім жиі мақтайды.	Мұғалім сирек мақтайды.
16. Мұғалім қызықты түсіндіреді.	Мұғалім қызықты түсіндірмейді.
17. Пәнді оқу барысында қанағаттанушылық сезімін аламын.	Пәнді оқу барысында қанағаттанбаймын.
18. Жоғары оқу орнына түсуге қажетті.	Жоғары оқу орнына түсуге қажет емес.
19. Жалпы мәдениетті дамытуға көмектеседі.	Жалпы мәдениетті дамытуға көмектеспейді.
20. Қоршаған орта туралы білімді кеңейтуге әсер етеді.	Қоршаған орта туралы білімді кеңейтуге әсер етпейді.
21. Жай ғана қызық.	Қызықты емес.

2. Сені осы пән қашаннан бері қызықтырады және оған не әсер етті (сабақ, кино, кітаптар, телехабарлар, мұғалім шеберлігі, пәннің мазмұндылығы, үйірме және практикалық жұмыстар)?
3. Осы пәнде сені не қызықтыратынын ата (өзіңді қызықтыратын тақырып төңірегінде мәліметтер алуға болады, алған біліміңді күнделікті тұрмыста қолдануға мүмкіндік береді, коллекция жинақтау, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау, өсімдіктерді күту, механизмдерді жөндеу).

Оқу пәндеріне деген қарым-қатынас қызығушылығы

Оқушылардың саны	Сыныптар	Қазақ тілі	Орыс тілі	Әдебиет	Тарих	Химия	Биология	Физика	География	Ағылшын тілі	Дене тәрбиесі	Информатика	Алгебра	Геометрия
Қорытынды %														

Қызығушылықтың пайда болуына не әсер етті?

Сынып	Оқушылардың саны	Сабақтар	Үйірме және практикалық жұмыстар	Кітап	Кино және телехабарлар	Басқада	Мұғалім шеберлігі	Білмеймін

Оқу пәнінде не қызықтырады?

Сынып	Оқушы саны	Әдебиетті оқуы	Практикалық әрекеті	Шығармашылық жұмысы	Басқада

Өз мәселенді дұрыс шеше аласыз ба?

1. Сіздің пікіріңіз бойынша, тағдыр...

сізді айналдырады – 5

сізге әділетсіз – 2

жақсы – 1

2. Өзіңіздің жаман мәселенің туралы айтасыз ба?

жоқ, бұл сізге көмектеспейді – 3

әрине, жақсы тыңдаушы болса – 1

бәріне бірдей емес, ол туралы ойлау өзіме де қиын – 2

3. Қайғы, уайымды қалай қарайсыз?

әрқашанда өте ауыр – 4

бұл жағдайға байланысты – 0

шыдауға тырысамын, өйткені ерте ме, кеш пе мұндай жағдайдың бітетінін білемін – 2

- 4. Егер сіз мүлдем “ащы суды” татпасаңыз келесі сұраққа көшіңіз.
Егер ішсеңіз, не үшін ...**
мұнда бар мәселені шешуге мүмкіндік бар – 5
бір рет болса да “көңіліңді сергітесіз” – 3
жәй ұнайды – 1
- 5. Егер сізді біреу қатты жазаласа, не істер едіңіз?**
үйде отырып, өз-өзіңді аяймын – 4
жақын жолдасыма барамын – 2
көптен бері қол жетпеген қуаныш есебінде қабылдаймын – 0
- 6. Егер жақын адамыңыз сізді ренжітсе, не істер едіңіз?**
үндемеуге тырысамын – 3
түсіндіруін талап етемін – 0
тыңдаған адамның бәріне де айтамын – 1
- 7. Бір сәт бақытты сезінсеңіз ойлаймын:**
бақытсыздықтың болуы мүмкін емес деп – 1
осы сәт тез өтіп кете ме деп қорқамын – 3
өмірде көптеген қиындықтар барын да ұмытпау керек – 5
- 8. Психиатр және психотерапевт туралы не ойлайсыз?**
сіз олардың пациенті болғыңыз келмейді – 4
олар көптеген адамдарға көмектесер еді – 2
адам өзіне өзі көп көмектесе алады – 3
- 9. Жақын жолдасыңмен ұрысып қалсаңыз, ашуыңыз басылғаннан кейін не ойлайсыз?**
бұрын арамызда не болғанын еске аламын – 1
одан өшімді қалай алсам деп ойлаймын – 2
оның қырсығына қанша шыдағаным туралы ойлаймын – 3

Бәрін қосып, қанша ұпай жинағаныңызды қараңыз:

7-15 ұпай. Сіз барлық қиындықтарға көне білесіз, өзіңізді өте аямайсыз. Сіздің көңіл – күйіңізге таңдануға болады.

16-26 ұпай. Сіз тағдырға ренжисіз, бірақ мәселелеріңізді өзіңіз шеше аласыз.

27-36 ұпай. Сіз әлі өзіңіздің мәселелеріңізді шешуді үйренген жоқсыз.

Басса-Даркидің эмоциялық тесті

Шарты: Төмендегі тұжырымдарға келісетін болсаңыз «+» белгісін, ал келіспесеңіз «-» белгісімен белгілеңіз.

1. Егер мен ашулансам, қол жұмсап жіберуім мүмкін.
2. Заттарды лақтыратындай, ешқашан мен қатты тітіркенбеймін.
3. Мен тез ренжіп, жылдам басыламын.
4. Егер мені дұрыс, жиі жақсылап өтінбесе, өтінішті орындамаймын.
5. Менің ойымша тағдыр маған қатыгез сияқты.
6. Басқалар менің сыртымнан мен туралы не айтатынын білемін.
7. Егер басқалар сөз-таласта менімен келіспесе, мен айтысудан бас тартпаймын.
8. Егер біреуді алдаған кезім болса, мен ар-ұжданымның алдында қатты азаптанамын, қысыламын, ұяламын.

9. Басқа адамға мен қол көтеруге қабілетті емес сияқтымын.
10. Мен ашуланғанда, есікті сарт еткізіп жабамын.
11. Кейде адамдар мені өзінің қатысуымен ашу-ызамды келтіреді.
12. Егер маған орныққан ереже ұнамаса, мен оны бұзғым келеді.
13. Кейде мені қызғаныш мазалайды.
14. Көп адамдар мені ұнатпайды деп ойлаймын.
15. Менің құқығымды басқалар сыйлағанды талап етемін.
16. Кейде менің ойыма өзім ұялатын ойлар келеді.
17. Мені төбелеске дейін жеткізуге қабілетті адамдарды білемін.
18. Кейде мен ашу-ызамды төбелес арқылы көрсетемін.
19. Мен өзімді жиі атылуға дайын оқ ретінде сезінемін.
20. Егер біреу өзін бастық сияқты көрсеткісі келсе әрқашан мен оған қарсы тұрамын.
21. Мені барлық болмысыммен жек көретін адам жоқ.
22. Көбі маған қызғанышпен қарайды.
23. Егер мен қатты ызалансам да балағат сөзге жақындамаймын.
24. Жұмыстан қашатын адамдар өздерінің кінәсін байқап сезу керек.
25. Егер маған біреу қол жұмсаса да, мен сирек жауап қайырамын.
26. Қатты ызаланғанда бірінші қолыма түскен затты алып, сындырғанымды есіме түсіре аламын.
27. Өзіме ұнамсыз адамдарға қатынасым дәрежілеу көзқарастамын.
28. Маған бұйрық беріп сөйлесе, ештеңе жасағым келмейді.
29. Басқаларға деген жаман көзқарасымды жасыруға тырысамын.
30. Кейде мені мазақ қылатын сияқты.
31. Егер біреу мені ызаландырса, мен ол туралы не ойлайтынымды айтуға дайынмын.
32. Өз ата-анам үшін аз көмек тигізгенім мені қатты толғандырады.
33. Маған біреу қол көтерсе, мен оған жауап қайтармаймын.
34. Дау барысында мен жиі дауысымды көтеремін.
35. Кішкентай нәрсеге бола ренжімеймін.
36. Адамдар өздерін бастық ретінде көрсетсе, мен қалайда болса менменсіп кетпеуіне жағдай жасаймын.
37. Мен әрқашан да жақсы еңбегіме лайықты баға ала алмаймын.
38. Маған өштесіп, зиян келтіретін жауларым жоқ.
39. Мен жиі адамдарды жәй ғана айтып қорқытқанмен, оны орындамаймын.
40. Мен жасаған істеріме көбіне өкінемін.

Жауап бланкісі

Ұпайлардың қосындысы				
1+ -	9+ -	17+ -	25+ -	33+ -
2+ -	10+ -	18+ -	26+ -	34+ -
3+ -	11+ -	19+ -	27+ -	35+ -
4+ -	12+ -	20+ -	28+ -	36+ -
5+ -	13+ -	21+ -	29+ -	37+ -
6+ -	14+ -	22+ -	30+ -	38+ -
7+ -	15+ -	23+ -	31+ -	39+ -
8+ -	16+ -	24+ -	32+ -	40+ -

Кілті:					
Физикалық агрессия	1	- 9	17	-25	-33
Жанама агрессия	-2	10	18	26	34
Тітіркенушілік	3	11	19	27	-35
Негативизм	4	12	20	28	36
Өкпелегіштік	5	13	-21	29	37
Күдіктенушілік	6	14	22	30	-38
Вербальді агрессия	7	15	-23	31	39
Кінәні сезіну	8	16	24	32	40

Сәйкес келген таңбаларға бір ұпайдан беріледі және ұпайларды бір-біріне горизонтальді тұрғыда қосып, қосындысын "Ұпайлардың қосындысы" бағанына жазу қажет. Өңдеу кезінде эксперимент жүргізуші (зерттеушіні) зерттелушінің иителлектік деңгейі емес, оның мінезіндегі эмоциялық ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Грановская Р.М. Элементы практической психологии. –СПб. Свет. 1997.
2. Алдамұратов. Қызықты психология Алматы: «Қазақ университеті» 1992, 112 бет.
3. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности –Алма-ата Изд. КазГУ,1992,195 с.
4. Л.К.Көмекбаева Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті ұйымдастыру. А, 2003 ж.
5. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. Москва. Генезис, 2000. 298 с.
6. Абрамова Г.С. Практическая психология. Москва. Трикста, 2005. 495 с.
7. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога. Москва. Владос, 2000.
8. Психологиялық қызмет Ережелері проекциясы//Өзгеріс-Перемена, Қарағанды, 2002.
9. Пайнс Э., Маслач К. Практикум по социальной психологии-СПб.: Издательство «Питер, 2002 г.
- 10.Бурменская Г.В., Карабанова О.А., Лидерс А.Г. Возрастно-психологическое консультирование. Проблемы психологического развития детей. М.,1990
- 11.Дубровина И.В. Справочная книга школьного психолога. М., 1991

Қосымша:

1. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. М., 1983
2. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. М., 1993
3. Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст. Проблемы становления личности. М., 1994
4. Слободчиков В.В. Готовность детей к школе. Диагностика психического развития и коррекция неблагоприятных вариантов. Томск, 1992
5. Тетенькин Б.С. Психологическая служба школы. Киров, 1991
6. Алешина Ю.Е. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. М, 1999.
7. Глассер У.Н. Школы без неудачников. М., 1980

8. Елизаров А.Н. Психологическое консультирование семьи: Учебное пособие., 2008.,400 с.